

ӘР ТАРАПТАН



ЖЕТІСТЕГІ ЖИҺАНГЕЗ

2-бет

ЕҢБЕК ЕР АТАНДЫРАР



ТЕКТІ ТҮЛҒА, БЕКЗАТ БОЛМЫС

4-бет

ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ



ҚАСҚЫР – БІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ КОДЫМЫЗ

7-бет

БАБАЛАР АМАНАТЫ БІРЕУ ҒАНА. ОЛ – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН.

Президент және барлық деңгейдегі әкімдер мен олардың орынбасарлары мүшеліктен шығып кетті деп «Аманат» партиясына жоқтау айтудың жөні жоқ. Керісінше Президент тарапынан саяси қоғамға жіберілген үшбу хат, ымыра ишаратты дұрыс тәсірлеген жөн. Билік партиясы аталып келген саяси ұйымды бәсекелестік ортаға жіберу арқылы барлық саяси ұйымдарды дүр сілкіндірлік белгі берілді. Осы уақытқа дейін «Билік партиясымен тартысуға тайсалмаймыз-ау, бірақ оның төрағасынан қаймығамыз зой» деп өздерінің қоғамдағы ортадан төмен орындары үшін ақталуға жол тауып келген партиялар бәсекелестіктің көрігін қыздыруға дереу кірісіп кетсе керек емті...

Солай болады деп сенгім келеді. Себебі партия бірнешеу болғанымен ұлы Отанымыз Қазақстан республикасы біреу. Оның шекара сызығы, Тәуелсіздігі, Әнураны, Елтаңбасы, Мемлекеттік туы да біреу ғана. Мемлекеттегі биліктің барлық тармағы, ондағы барша лауазым иелері, қоғамдық-саяси ұйымдар, белсенді азаматтар, әрбір қазақстандық ең әуелі осы мақсатқа ұюы, содан соң ғана түрлі мемлекетқұраушы институттар арқылы, түрлі тәсіл, тармақтар арқылы осы ортақ мақсатқа қызмет етулері керек емес пе? Міне,

бәсекелестік ортаның кәдірі артатын тұс осы. Айқасайық, тартысайық, пікір сайысайық, жүз шайысып тіпті жаға жұрттысайық. Бірақ әу бастағы темірқазық мақсаттан ауытқымайық. Ол мақсат Тәуелсіз Қазақстанның дамуы, оның әлемдік қауымдастықтағы зайырлы мемлекеттер қатарындағы орнын ойып алуы, әрбір азаматы қабілетіне, еңбегіне, ынтысына байланысты өзін, отбасы-әулетін қамтамасыз ете алатындай жүйе құруға қол жеткізуі болып қала берсін.

Ал, енді осындай бәсекелес ортада «Аманаттың» да өмір сүруге

құқы бар деп ойлаймын. Құдіретті қолдау, құзыретті жолдауға сүйеніп үйренген жылыжайлық жағдайынан желдің өті, жаудың бетіндегі өмір шындығынан шылбырын үзе қашпай әрбір мүшесінің шынайы қолдауын иеленетіндей іс-әрекет, жоспар-жоба, жетістік-нәтижеге көше алса неге дербес саяси күшке айналмасқа?

Қазақстанның өркениет көшіне ұмтылған даму жолына үлес қосуға да құқы бар. Материалдық және басқа да ресурсы жоғары деңгейде қалыптасқан «Аманат» сияқты партия саяси курсың ұлы мақсатқа ту-

ралап алға тартса, одан ешкімге зиян келмесі анық.

Жаңа Қазақстанды құру үшін оның басшылық құрамы, барлық саяси-қоғамдық ұйымдары, түрлі даму институттары, күштік құрылымдары, ақпарат құралдары дәлірек айтқанда олардағы әрбір адам түп-түгел өзгеріп кетуі тиіс деп санайтын жаңа-жаңа бар екені де байқалды. Әрине ол мүмкін де емес. Бірақ, осы аталған барша жанды һәм жансыз субъектілердің жаңаруы, жасампаз жолға түсуі әбден мүмкін нәрсе. Және солай болуы да керек. Ескіні жаңарту, қатені түзету айып емес. Уақыттың талабын, басшының бағытын, мұраттың асылын айыра алмау айып. Қолдап, іске асыруға атсалыспау өкініш.

Жар астындағы жау, бөрік астындағы бөрі қапымызды аңдып, қадамымызды бағып отырғанда ескі кекті қумай, есті бекті тындап, жасампаз жолды таңдағанымыз дұрыс шығар.

Әнуар ОМАР.

ҮКІМЕТ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫН БЕКІТТІ

Қазақстан Үкіметі Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауын іске асыру бойынша Жалпыұлттық даму жоспарын бекітті. Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровтың айтуынша, жоба 10 бағыт бойынша жүзеге асырылатын 36 іс-шарадан тұрады.

Осылайша, президенттік өкілеттіктерді шамадан тыс шоғырландырудан бас тарту мақсатында ел заңнамасына келесі түзетулер енгізіледі:

Президенттің президенттік өкілеттігін орындау мерзіміне Президенттің саяси партияға мүшелігін тоқтатуы;

Президенттің жақын туыстары үшін мемлекеттік саяси қызметшілер және квазимемлекеттік сектор кәсіпорындары басшылары лауазымдарына орналасуға тыйым салу;

Президенттің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдері актілерінің күшін жою немесе тоқтата тұру жөніндегі құзыретін алып тастау, сондай-ақ Президенттің аудандар, облыстық маңызы бар қалалар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері қызметінен алу құқығын жою.

«Сондай-ақ әкімдер мен олардың орынбасарларына саяси партиялардың филиалдарында қызмет атқаруға тыйым салынады», деді Әлібек Қуантыров.

Бұдан басқа, ҚР Парламенті Сенатының құрылу тәртібі мен бірқатар функциялары қайта қаралатын болады.

Атап айтқанда: Сенаттағы президенттік квота 15 депутаттан 10 депутатқа дейін қысқарады, олардың бесеуі Қазақстан халқы Ассамблеясына ұсынылады;

ҚХА квотасы Мәжілістен Сенатқа беріледі; ҚР Парламенті Сенатының Мәжіліс қабылдаған заңдарды мақұлдау немесе мақұлдамау құқығы көзделген;

ҚР Парламенті Сенатының өкілеттігі Конституциялық Кеңестің және Жоғары Сот Кеңесінің төрағалары қызметіне кандидатураларды келісу құқығымен толықтырылды;

ҚР Парламенті Мәжілісі Заң қабылдау құқығына ие болады;

Есеп комитеті жоғары аудиторлық палатаға қайта құрылатын болады.

ҰЭМ басшысының айтуынша, елді одан әрі саяси жаңғырту мақсатында мәжілісті қалыптастырудың аралас жүйесін көздейтін сайлау жүйесінің пропорционалды-мажоритарлық моделі енгізілетін болады.

«Саяси партияларды тіркеу рәсімін оңайлату, оның ішінде тіркеу шегін 20 мыңнан 5 мың мүше дейін төмендету көзделуде. Өңірлік өкілдіктердің ең аз саны 600-ден 200 адамға дейін азайтылады. Партия құру үшін бастамашы азаматтар тобының ең аз саны 1000-нан 700 адамға дейін қысқарады», деп қосты Әлібек Қуантыров.

Сонымен қатар Қазақстанда конституциялық сот пайда болады. БАҚ туралы заң қайта қаралады.

Үш жаңа облыс - Абай, Жетісу және Ұлытау пайда болады. Ұлттық экономика министрі атап өткендей, бұл бағыттағы жұмыс басталып кетті.

Қазақстан Премьер-министрі Әлихан Смайылов ұсынылған Жалпыұлттық іс-шаралар жоспары қойылған міндеттерге толық жауап беретінін және келісудің барлық қажетті рәсімдерінен өткенін атап өтті. Осыған байланысты Үкімет басшысы оны жүзеге асыруға кідіріссіз кірісуді тапсырды.

«Барлық Бірінші басшылардың назарын аударамын – сіздер жоспардың әрбір іс-шарасының сапалы және уақтылы орындалуына дербес жауап бересіздер. Орынбасарларыма жоспардың бағыттарын қатаң бақылауда ұстауды тапсырамын», деді Әлихан Смайылов.

«Егемен Қазақстан» газетінің сайтынан алынды.

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: СЕНІМГЕ – СЕРПІН!

КЕЗДЕСУ ІСКЕРЛІК ДИАЛОГ ТҮРІНДЕ ӨТТІ



Сәрсенбіде Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров Малиыбай ауылына ат басын бұрды. Тұрғындармен кездесіп, Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында көрсетілген міндеттерді түсіндіріп, оны іске асыруға жұмылуға шақырды.

Жолдауда Қазақстанда демократия құндылықтарын бекемдей түсуге түбегейлі бетбұрысты жеделдету бағдарламасы жарияланды деуге болады. Осы бағыттағы тағы бір маңызды шешім – ол мәслихаттардың рөлі мен мәртебесін арттыру қажеттілігі. Бұл мақсатта мәслихат төрағасы лауазымы енгізіледі. Күшті өңірлерді қалыптастыру тақырыбына мемлекет басшысы жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықтан босатып,

еркіндік беру бойынша арнайы жеке бөлім арнады. «Жергілікті өзін-өзі басқарудың мықты жүйесі азаматтардың өзі тұратын жердегі тұрмыс сапасын жақсартуға тікелей қатысуына негіз болатынын түсінуіміз керек. Өз қаласы, ауданы мен ауылына деген жауапкершілікті мойнына алуға қазақстандықтардың қашанда дайын екені анық. Адамдарды жете бағаламауға болмайды. Оларға қолдарынан келетін өкілеттіліктерді

беруден қорықпаған жөн» – деді Президент. Жолдауда өңірлерді қаржыландыру жүйесін түбегейлі қайта қарау, әкімдер сайланатынын ескеріп, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын тікелей қаржыландыру тәсілін енгізу, олардың, әсіресе, ауылдық округтердің, меншік базасын едәуір кеңейту қажеттігі айтылды, – деп түйінделді қала әкімі.

▶ 3-бетте

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: СЕНІМГЕ – СЕРПІН!

КЕҢГІРДЕГІ КЕЗДЕСУ

Араға айдан аса уақыт салып Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров Кеңгірге тағы барды. Халықпен кездесіп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауында жүктелген міндеттерді тарқатып айтты, бұқараның базасына тіл қатты. Кездесуге әдеттегідей тайлы-тұяғы қалмай қаладағы бөлім, мекеме, кәсіпорын басшылары қатысты.



Мәдениет үйінің шағын залы Кеңгір халқынан гөрі осы құраммен толып та қалды. Соның нәтижесінде сәл кешігіп келіп жатқан жұртшылыққа «орын жоққа» басты сондағы жауаптылар. Қала әкімі ауылға күнде ат басын бұрмайды. Сондықтан ауылдағы қарапайым қараша мүмкіндігі келгенде кездесуге қатысып, толғандырып мәселесін айтып қалғысы келеді. Сондықтан халық тарапынан туындаған сауалдарға байланысты түсінік сұрағанда күмілжіп тұратын шикі шенеуніктерден гөрі ауылдың проблемасын айтып, оның шешілу жолдарына байланы-

сты ұсыныстарын жеткізетін бұқараның қарасы басым болғаны абзал емес пе мұндайда?...

Хоош! Әкім Қайрат Бектайұлы әуелі Жолдауға байланысты баяндамасын ұсынды. Президент атап өткендей, татулық пен тұрақтылықтың, тыныштықтың бейбітшіліктің кәдірін біле түсуіміз қажеттігін, бекем бірліктің арқасында Жаңа Қазақстанды құру жолында көп істің көбесін соғу қажеттігін баса айтты. Ең бірінші кезекте мемлекет басшысы жүктеген «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін үкімет» формуласын іске асыруға күш салу қажеттігіне тоқталды. ▶ 2-бетте

АҚПАРАТ АРНАСЫ

Жаңа облыстарды қалыптастыру үшін комиссия құрылды

Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарын құру бойынша жұмыс басталды. Бұл туралы Үкімет отырысында ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров айтты, — деп хабарлайды

Оның айтуынша, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының «Елдің әкімшілік-аумақтық құрылысын жетілдіру» бағытында 5 іс-шара іске асырылады.

«Бүгінгі күні министрлік Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарын құру бойынша жұмысты бастап кетті. Осы жылғы 25 наурызда Премьер-Министрдің өкімімен аталған облыстарды қалыптастыру үшін комиссия құрылды. Комиссияның міндеті — жаңа өңірлерді құру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс аясында мемлекеттік органдардың ведомствоаралық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету», делі ол.

Сондай-ақ министр жауапты орындаушыларды және іске асыру мерзімдерін көрсете отырып, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» Президент Жарлығын қабылдау жөніндегі жұмыс алгоритмі әзірленгенін айтты.

«Алгоритм ұйымдастырушылық-дайындық және жедел іс-шаралар тізбесін қамтиды. Алгоритм аталған облыстар әкімдіктерінің назарына жеткізілді. Жалпы алғанда, Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарын құруды көздейтін «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» Президент Жарлығының жобасы осы жылы, жақын арада Президент Әкімшілігіне енгізіледі», деді Әлібек Қуантыров.

Мәслихаттардың өкілеттігі кеңейтіледі

Министрдің айтуынша, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының «Жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықсыздандыру» бағытында 2 іс-шара іске асырылады.

«Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы аясында министрлік «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» заң және оған ілесіп заң жобаларын әзірлеуде. Заң жобалары жергілікті мемлекеттік басқару органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару функцияларының аражігін ажырату, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүлкікті құқықтарын және мәслихаттар өкілеттіктерін кеңейту; жергілікті өзін-өзі басқару деңгейінде мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсімдерін оңайлату жөніндегі нормаларды көздейді», деді Әлібек Қуантыров.

Кәсіпкерлікті қолдауға қосымша қаржы бөлінеді

Тобыл өңіріне жұмыс сапарымен келген Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров Қостанайдағы «Ыбырай» жел электр стансасы мен «АэромашХолдинг КЗ» кәсіпорнының жұмысымен танысты. Сондай-ақ мектеп, балабақша сияқты бірқатар әлеуметтік нысандарды аралады.

Ведомство басшысы жергілікті халықпен кездесіп, көпшіліктің жол жөндеу, баспана сатып алу туралы сауалдарына жауап берді.

— 2021 жылдың қорытындысы бойынша ел экономикасында 4% өсім бар. Экономикадағы тұрақты өсімді қамтамасыз ету үшін бірқатар маңызды шаралар қабылдадық. Жеке бизнестегі өндірісті ынталандыру үшін салықтық жеңілдіктер қарастырылып отыр. Мәселен, жұмысын енді ғана бастаған кәсіпорындар үшін қосымша құн салығы 70%-ға төмендетілді. Сондай-ақ әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мақсатында мүлік салығының мөлшерін төмендеттік, — деді министр.

Бірқатар жергілікті серіктестіктердің басшылары министрден кәсіпкерлікті дамыту, неснені субсидиялау, сондай-ақ «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында инфрақұрылымды дамыту мәселелері жөнінде сұрады. Олар «Даму» қорының банктік қарыздарды субсидиялауға өтінім қабылдауды тоқтатқанына алаңдауды. Кәсіпкерлердің сауалын нақтылап өткен облыс әкімі Архимед Мұхамбетов биыл өңір бизнесті дамытуға бөлінген қаржының сыртында Ұлттық экономика министрлігінен тағы 2,670 млрд теңге сұрап отырғанын айтты. Ә.Қуантыров кездесуге қатысушыларға өңірлік кәсіпкерлікті қолдауға қолда бар мүмкіндікті аяп қалмайтынын, облысқа қажет қосымша қаржыны бөлу туралы мәселенің таяу арада оң шешім табатынын айтты.

— Министрлік 2021-2025 жылдарға арналған Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыруда. Аталған жоба бойынша 3 млрд теңгеге дейін несие алған кәсіпкерлерге 6%-дық жылдық мөлшерлеменен субсидия беріледі. Сондай-ақ кредиттер бойынша 360 млн теңгеге дейін кепілдік беріледі, — деді Ә.Қуантыров.

Кездесу барысында «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының іске асырылу барысы талқыланды. Бағдарлама бойынша бұрын ауылға жұмыс істеуге барған әрбір жас маманға 300 мың теңге көтерме ақы төленіп келген. Облыста былтырдан бері бұл сома едәуір еселеніп, аса зору мамандықтар бойынша қалалық мекендерге келген жастар 3 млн теңге, ауылға барған мамандар 5 млн теңге көтерме ақы ала бастады. Мұның сыртында, ауылға жұмысқа орналасқан жас маманға баспана сатып алу үшін тағы 4,6 млн теңге төленеді. Соңғы кездері облыс орталығына жақын ауылдардағы үй бағасының қымбаттап кеткенін алға тартқан жұмыс берушілер министрден «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша берілетін көтерме пұл мөлшерін көбейту жағын қарастыруды өтінді. Министр бұл мәселеге бюджет мүмкіндігін бағамдап алғаннан кейін ғана нақты жауап бере алатынын айтты.

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: СЕΝІМГЕ – СЕРПІН!

КЕҢГІРДЕГІ КЕЗДЕСУ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Осы ұстанымға байланысты парламент, сенат құрылымдарынан бастап, сайлау жүйесін жетілдіру, партиялық жүйені дамыту мүмкіндіктерін кеңейтуге дейін елеулі жаңартулар енгізіледі. Сондай-ақ, қазақстандықтардың құқықтарын сақтау механизмін жетілдіру үшін Конституциялық сот құрылады. Бас прокурор мен адам құқықтары жөніндегі уәкілге де осы жоғары сотқа жүгінуге мүмкіндік беріледі, ол әр азаматқа қол жетімді болады. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай құруды ұсынды. Президент жалпы халықтың осындай маңызды жиналыстарда қабылданған шешімдерді ұстанатынын және біз бірігіміздің негізіне айналған дала демократиясының дәстүрлерін жаңғыртуға тиіс екенімізді атап өтті ол. Мемлекет басшысының реформалары өңірлік бөліністегі географиялық салаға да қатысты болды. Елімізде тағы жаңа үш облыстың ашылуы Жолдаудан жаңалық күткен талайдың үмітін ақтап, қуанышын еселеткен даусыз. Оның ішінде Ұлытау облысы құрылып, оның орталығы Жезқазған қаласы болатындығы туралы жаңалыққа бәркімізді аспанға атып, төбемізді көкке жеткендердің қатарында біз де бармыз. Бұл өңірлерді дамыту жолындағы маңызды қадам екені айтпаса да түсінікті. Қала басшысы Жолдау жүктеген басқа да міндеттерге кеңінен тоқталды. Жарты сағаттың мұғдарында жасалған баяндаманы жиналғандар ықыласпен тыңдады.

Одан кейін жиналған жұртшылықтың тарапынан туындаған сауалдарға кезек берілді. Қорғанбай ауылының тұрғындары қоныс еткен мекендерін этноауылға

айналдырғысы келеді. Жошы хан тарихи кешеніне апаратын бірден-бір төте жол осы ауылдың үстімен өтетіндіктен, кешеннің кереметтерін көрмекке келгендер үшін көз тартарлық көрініс қалыптастырылса дейді. Бұл ретте қала басшысы жақсылыққа қашанда жаны қош екенін айтып, этноауылдың тұжырымдамасын бірге түзуге шақырды. Кәсіпкерлік, азаматтық белсенділік қалыптастырып, ортақ істе ұйымшылдық танытуға, ауыл халқына мейлінше түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, маңайды күтіп-ұстау мәселесін қаперге салу турасында да белсенді топ жасақтау қажеттігін жеткізді. Қорғанбайлықтар тілге тиек еткен тағы бір мәселе – жүн, тері өндірісі. Кезінде игілікке жаратылған жүн-теріңіз бүгінде иленіп қоқыста жатыр. Келенсіз көрініске қанша жаныңыз ауырса да, бұл түйінді түйткіл кәсіпкерлік саласы арқылы ғана тарқатылатын белгілі. Жаңа бизнестің көзін қарастырып, инвестиция салғысы-ақ кеп жүргендер үшін бұл жақсы идея, тиімді жоба екенін айтты әкім. Кеңгірліктер үшін айтыла-айтыла жауыр болған мәселелердің бірі – ауыз судың сапасы. Тоқайласып қалғанда, халық та бұл мәселені көтеруден талмайды, билік те тындырып жатырмыз дегеннен танбайды. Нәтижесінде сапалы су Кеңгірге әлі жеткен жоқ. Айта кетейік, Кеңгір селосына Есқұла жерасты су қоймасынан ауыз су беру мәселесі онынан шешіліп, ауылда қосымша су құбырлары да жүргізілген еді. Алайда, қыс түсіп кетіп, оны іске қосу жұмыстары тағы жер-аяғы кеңейтін уақытқа қалдырылған. Міне, бийл сәтін салса, халыққа көптен күткен сапалы тіршілік нәрі берілетін. Алайда, күте-күте жұрттың төзімі таусылғандай. Әрине, са-



пасыз судың салдарынан жанына сансыз ауру жамап жатқандар қаншама?! Осыны айтып ашынған халықтың тағы биліктің айтқан уәжін көніп, көрінген таудың алыстығы жоқтығына мойынұсынбаса амалы қалмады. Кездесуде көріз жүйесі, суармалы су құбыры мәселелерін де айтты жиналғандар. 2013 жылы қолға алынып, аяқсыз қалған көріз жүйесіне қалалық құрылыс бөлімі қайта зерттеу жүргізіп, олқылықтарын анықтаған. Енді жобалық-сметалық құжатын әзірлеу, оған сәйкес қаржы қарастыру мәселелері ширатылып жатыр. Ал, суармалы су құбырына келетін болсақ, был суару науқанына дейін құбырларды іске қосу жұмыстары жасалуда. Бұл бағытта мердігер анықталған, енді қалғаны жоспарлы жұмыстың мерзімінде іске асырылуы.

Тұрғындар көтерген мәселелердің бірқатары мал жайылымының тарлығы, қабаған иттен келетін қауіп, көкпар өткізуге жер қарастыру, ауылдың мәдениет үйіне жөндеу жүргізуге қатысты өрбіді.

— Игеремін десе жер жетеді. Бірақ жерді алған халық оны мақсатына жаратпайды. Не өзі игермейді, не өзгеге бермейді. Еншісі-

не алып, жаратылмай жатқан жерлер жетіп артылады. Сондықтан жер аларда осыған жете мән беру керек — деді әкім Қайрат Бектайұлы.

Өткен кездесуде тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелердің қаншалықты шешілгені туралы ақпаратпен әкім орынбасары Берік Туребеков таныстырмақ болды. Таныстырмақ дегеніміз, қағазға тізгенін оқи бастағанда орынбасарын кілт тоқтатқан әкім мәселелерді байыбына барып, халыққа қарапайым тілмен түсіндіру қажеттігін қатаң айтты. Содан соң орынбасарының сөзі қожырады да қалды. Иә, өз саласы бойынша әр орынбасар кез келген уақытта сұрағанда тайға таңба басқандай тиянақты тарқатуы керек емес пе?! Бұл жолы билік пен бұқараның ашық диалогында әкімге орынбасарларын айттарлықтай қайыр болмады. Екі сағатқа жуық созылған кездесуді қала басшысы Қайрат Әбсаттаров өзі жүргізіп, өзі жауапсыз, өзі түйіндеді. Алдағы уақытта халықпен жиі кездесетінін айтып, жынды тәмамдаған әкім одан әрі тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Меруерт НАУРЫЗБАЙ. (МТ)

ЖОЛЫҢ БОЛСЫН!

Жер-жаһанды жаяу аралап жүрген жандарды ілгеріректе шет елдерден ғана естіп, білуші едік. Бүгінде біздің елімізде де Қазақстанды жаяу шарлап шыққандар қатары көбейіп келеді. Жас та, жасамыс та ойға алған мұндай істерін жүзеге асырып жатыр. Бірі денсаулығын шыңдаймын десе, енді біреулері алдарына басқа мақсат қойып отыр. Солардың бірі жасы жетпістің екеуіне келген жаңаарқалық қария — Сәрсенбай ҚОТЫРАШОВ.

Ұлыстың ұлы күні — әз-Наурыз мерекесінде Сәрсенбай Оспанұлы жаяу сапарын ұлт ұясы — Ұлытаудан бастады. Бұл күні ол елге өзінің Қазақстанның 17 облысын жаяу жүріп өтетінін, ол сапарын қасиетті Ұлытаудан бастағалы отырғанын мәлімдеді.

Сапар «Ұлытауға бардың ба...» деген атаумен өтеді. Оның негізгі мақсаты Қазақстанның тарихи-географиялық орталығы — Ұлытауды насихаттау. Қазақстандық қолөнершілерді тіркеу. Қымыз мерекесін насихаттау.

— Сапар барысында мен Қазақстанның 17 облысы (Ұлытау — Қызылорда — Түркістан — Шымкент — Тараз — Алматы — Талдықорған — Аяқөз — Семей — Өскемен — Павлодар — Нұр-Сұлтан — Көкшетау — Петропавл — Қостанай — Ақтөбе — Орал — Атырау — Бейнеу — Ақтау) жаяу жүріп өтпеймін. Сапарым күн жылына сәйірі айының бірі күні басталады. Қазан айында аяқтамақпын, — дейді Сәрсенбай ақсақал елмен жүздесуінде.

Үлкен сапарға қадам басқалы тұрған ақсақалға Ұлытау жұртшылығы үлкен қолдау білдірді. Кездесуде Ұлытау селолық ардагерлер кеңесінің төрағасы Есенғали Әбжамалов қасиетті жердің киесі қолдап жүрсін деп бата беріп,

ЖЕТПІСТЕГІ ЖИҢАНГЕЗ



ұлытаулықтар атынан арнайы дала киімі мен жолсөмке тарту етті.

Орайы келгенде айта кетейік, Сәрсенбай Қотырашов еңбек жолын 17 жасында туған жері Жаңарқада бастаған. Ол 2006-2007 жылдары Ұлытау ауданындағы Терісаққан ауылында тас қалаушы маман ретінде мешіт құрылысына атсалып, қариялардың ақ батасын алды. Содан бері Ұлытау өңіріндегі туризм мен мәдени һәм тарихи кешендердің құрылысына қатысып, еңбегімен, шеберлігімен елге танылды. Шебер ұста «Гүлсара ана» ембұлағына абаттандыру жұмыстарын жүргізді. «Ұлытау» қорық-мұражайының архитектура бөлімінде темір ұстасы әрі құрылысшы болып жүріп, Әулиетауға тағзым етіп келушілерге арнап, Тағзым үйінің құрылысына қатысты. 2011 жылы ашылған қайта жөндеу ұстаханасында темір ұстасы болып,


жеті жарым мың шақырымды жаяу жүріп өтпек

өз қолымен көрік жасап, темірден көптеген тұрмыстық бұйымдар: қоршау шарбақтарын, терезе торларын, саты жақтауларын және тағы да басқа өнім түрлерін жасады. Ауданда туризмді дамыту мақсатында Әулиетау етегінің алғашқы сатысының қалыптарын темірден жасап, саты көтеру жұмыстарына атсалысты. Бұл іс, киелі де қасиетті Ұлытау халқының және тағзым етіп келушілердің көптен күткен арманы еді. Өзінің шеберлігін мұражайдың археологиялық, архитектуралық экспедицияларында, қазба жұмыстарына қатысу арқылы да көрсетті. Келінгам, Талмас ата мазары, Ханарал, Теректі кешені, Шотқара, Басқамыр, Аяқамыр қалашықтары ескерткіштерінің темір шарбақтарын жасап, тарихи орындарды қорғап сақтауда абаттандыру жұмыстарын, ал Сауқым мазары, Теректі мазары және Қонысбай мешітін қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге аянбай тер төгіп, өз үлесін қосты.

Міне, осы алтын қолды ақсақал енді өзін тағы бір қырынан танытқалы отыр. Ол өзінің осы сапары арқылы елге ұлт ұясы — Ұлытауды таныстырып, оның тарихи, табиғи ерекшеліктерін насихаттамақ. Осы арқылы Ұлытау туризмінің дамуына өзінің үлесін қосуды мақсат етті. Алыс сапарға шыққалы отырған ақсақалға Ұлытау-Жезқазған өңірінің қалың жұртшылығы атынан сәт сапар тілеп, жолың болсын демекпіз.

Сәрсенбай Қотырашов бүгін 1 сәуір, жаяу күні Ұлытаудан сапарға шықты. Ол осы алғашқы он үш күнде Ұлытау-Қызылорда аралығындағы 560 шақырым жолды жүріп өтпек. Күніне 40 шақырым жол жүруді өзіне мезелеген жиһангез алғашқы екі айында 2500 шақырымды бағындырмақ. Оның әрбір аптадағы жүріп өткен жерлері мен сапарының барысы жайлы газетімізде тұрақты түрде жариялап тұратын боламыз.

Ізтай БЕЛГҒАЙҰЛЫ.



I СЕССИЯ

Қалалық әкімдікте Жезқазған қалалық мәслихатының кезекті XVII сессиясының отырысы өтті. Оған қала әкімі Қайрат Әбсаттаров, қала әкімінің орынбасарлары, бөлім және мекеме басшылары қатысып, отырысты қалалық мәслихаттың хатшысы Абдрахман Досанов ашып жүргізді.

ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ СЕССИЯСЫ

Күн тәртібінде Жезқазған қаласы Малшыбай, Талап ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын бекіту, Жезқазған қаласы әкімдігінің жанындағы «Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның» құрамын бекіту, Жезқазған қалалық мәслихатының 2020 жылғы қарашадағы №54/459 «Жезқазған қаласы әкімдігінің жанындағы кәсіпкерлікке томағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның» құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу, Жезқазған қалалық мәслихатының 2021 жылғы 4 маусымдағы №7/62 «Қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпалы ету шараларын орындайтын органдар мен мекемелер қызметіне жәрдемдесу жөніндегі, сондай-ақ, қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі жергілікті орган жанындағы консультациялық-кеңес комиссиясының» құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу, Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 27 қарашадағы №28/263 «Жезқазған қаласы жерлерінде жер учаскелерін беру және шаруа қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығын беру бойынша конкурсті өткізу жер комиссиясының» құрамын бекіту туралы шешіміне өзгерістер енгізу, Жезқазған қалалық мәслихатының 2021 жылғы 19 ақпандағы №2/20 «Жезқазған қаласы бойынша пайдаланылмайтын ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» шешімнің күші жойылды деп тану, Жезқазған қаласының Қоғамдық кеңес құрамын бекіту, Жезқазған қалалық мәслихатының регламентін бекіту сондай-ақ, XVII шақырылған қалалық мәслихаттың XVIII сессиясының редакциялық комиссиясы туралы сынды бірқатар мәселелер қаралды. Сессия отырысында қаралған мәселелерге байланысты жауаптылар ақпарат жеткізіп, оны халық қалаулылары бір ауыздан қолдап отырды.

MT

Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ.

«Халық талап етсе, әкімдер күнтізбеге қарамай елмен кездесуі тиіс». Бұл – Президент Тоқаевтың тоқтамы. Қоғамды одан әрі демократияландыру, елде жүргізіліп жатқан реформалар туралы халықты хабардар ету, жергілікті атқарушы органдардың ашықтығын, жауапкершілігін, есептілігін арттыру мақсатында Қасым-Жомарт Кемелұлы «барлық деңгейдегі әкімдер жыл бойы халықпен кездесулер өткізсін, олардың барысында халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерге баса назар аударатынын, Қазақстанда жаңғыртудың жаңа бағдарының негізгі бағыттары туралы хабардар етсін және проблемалық мәселелерді шешудің жолдары мен мерзімдерін түсіндірсін», – деп арнайы Жарлыққа қол қойды.

Осыған орай біздің өңірімізде де әкім-қаралар қайыра атқа қонып (көбі бұған дейін ел алдында есеп беріп табаған. – Авт.), елмен кездесулер өткізіп жатыр. Осындай алқалы жиын сәрсенбінің сәтінде Ұлытау ауданында да өтті.



Қысы алты айдан асып кететін арқанда, оның ішінде Ұлытауда биылғы көктем тым кеш келетін сынайлы. Ауа райы апталап тосын мінез танытып, жылы қабақ берер емес. Тіпті соңғы күндері ақтүтек борандары қысқа бергісіз болып барады. Дүйсенбі күні соққан алай-түлей боран

дан өткен жылды тәп-тәуір нәтижемен қорытындылаған. Аудан экономикасы негізінен ауыл шаруашылығына бейімделгендіктен, ішкі өндіріс өнімнің 73 процентін осы сала құрайды. Бұл ретте, 2021 жылы 28891000,0 мың теңгенің ауыл шаруашылығы өнімдері өндірілген.

КЕЗДЕСУ ІСКЕРЛІК ДИАЛОГ ТҮРІНДЕ ӨТТІ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Қала басшысының баяндамасынан кейін кезек тұрғындар тарапынан туындаған сауалдарға берілді. Жолдауда жүктелген міндеттерді іске асыру мақсатында жергілікті өзін-өзі басқару механизміне сәйкес ауылда жергілікті қауымдастық жасақталып жатыр. Оның мүшелігіне өтетін 11 тұрғын ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты ұсыныстарын білдіріп, оның жүзеге асуына септесе алады. Малшыбай ауылының тұрғындарына қарасаңыз, қайғысыз-қамсыз күн кешіп жатқандай. Басқа ауылдарда өткен кездесудегідей емес, мұндағы халық жарыса сауал жолдаудан гөрі билікпен емен-жарқын диалог құруды жөн көргендей. Жұртшылық жарық мәселесін алға тартты. Ауайының қолайсыздығына байланысты жарықтың жиі сөнугінен халық әбден шаршаған. Оған себеп ауылшілік электр желілерінің, басқа да қондырғылардың тозығы жеткендігі. Осы сала мамандарының күшімен қыстан шыққан халық жер аяғы кеңейген тұста желілерді жөнге келтіру жұмыстары қолға алынса дейді. Одан бөлек ауыл тұрғындарының қаламен қатынасы қиын болып тұр екен. Керек-жарағына, жиын тойына шаһарға ағылатын халық кей кезде көлік таппай сабылады. Екі ортаға автобус қатынасын бір кездері жолға да қойған. Алайда, жол шығынын ақтамағандықтан ауыл мен қала арасының жолын тоздыруға ешкім келісе бермейді. Бұл ретте малшыбайлықтар жеңілдетілген несиенен 10-12 орындық көлік сатып алуға жәрдем болса, ауылдағы ағайынды той-томалағына, басқасына апарып-әкелуді өздері-ақ ұйымдастыруға мүдделі. Аталмыш мәселелерге байланысты шешу жолдарын қарастыруды әкім Қайрат Әбсаттаров орынбасарларына жүктеді. Тараптар талқысы барысында жыл сайын ауыл халқының саны азайып жатқандығы, әсіресе, ауылдан екі қолға бір күрек таппаған жастардың көптеп қоныс аударып жатқандығы да айтылды. - Қазір «алма піс, аузыма түс» дейтін заман емес. Ізденіс, ұмтылыс керек. Кәсібін өрге домалатымын дегендерге мемлекет оңтайландырылған бағдарламаларды түзіп тастаған.

Ғаламторды ашыңыз, қараңыз, өзіңіздің қолайына келетінін таңдап алыңыз. Қандай да бір істі бастағанда шығынсыз болмайды, одан қорықпау керек. Бүгін тәуекел етсеңіз, ертең соның жемісін жейсіз. Осылай деген қала басшысы Қайрат Бектайұлы малшыбайлықтарды ауылда кәсіпкерлікті дамытуға шақырды. Наубайхана ашыңыз, дүкен салыңыз. Мұндағы шоғырланған үш жүз адамның қажеттілігін қанағаттандырасыз, соның өзі тасыңыздың өрге домалағанымен бірдей. Іргеде Жошы хан тарихи кешені бар. Ертеңгі күні облыс құрылған уақытта онда келетін туристер саны күрт өседі. Сондықтан оның маңайында да киіз үй тігіп, ауыл өнімдерін ұсынып, басқа сауда түрлерін ұйымдастыруға болатындығы айтылды. Бұдан бөлек қала басшысы ауыл өнімдерін қаланың сауда желілеріне тарату мүмкіндігін жолға қою қажеттігін де айтты. Наубайхана ісін жолға қоюды ауыл тұрғындары бастап та кеткен екен. Тек қалалық жұмыспен қамту бөлімі арқылы алған қайтарымсыз грант кәсіпті толық дөңгелеуге жеткіліксіз болып тұр. Кез келген істі бастаймын деп тұрған адамдарға кеңінен қолдау танытып, мейлінше көмектесу қажеттігін тілге тиек еткен әкім қалалық кәсіпкерлік бөлімі басшысына бизнесті дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар бойынша халыққа түсіндіру жұмыстарын кеңінен жүргізуді тапсырды. Кездесуде ауыз су мәселесі де сөз болды. Ауылшілік су құбырлары қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің еншісінде болғанымен, оларды күтіп-ұстау, қызмет көрсету тұрасында жауапты мердігер қаралмаған. Салдарынан малшыбайлықтар күні бүгінге дейін ауыз суға ешқандай ақы төлемей келген. «Судың да сұрауы барын» айтқан әкім жуық арада барлығын заңдастыруды жауаптыларға тапсырды.

Жиынды қорытындылаған қала басшысы Қайрат Әбсаттаров мұндай кездесулер алдағы уақытта да сәтті жалғасатынын жеткізіп, билік пен бұқараның арасындағы байланыс нығайта түсетіндігіне сенетінін білдірді.

Меруерт НАУРЫЗБАЙ.

MT

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР САРАЛАНДЫ

тұрғындар сауалдарына да жауап берілді

сәрсенбінің таңында аздап саябырсығандай болды. Соның салдарынан сәрсенбі күні өтетін аудан әкімі Советбек Медебаевтың елмен кездесуіне шалғай ауылдардың тұрғындар қатыса алмады. Бірақ, Мемлекет басшысының «техникалық мүмкіндіктерді ескере отырып, халықтың әлеуметтік желілердегі ресми ақпаунттарда міндетті түрде пікір білдіру мүмкіндігімен онлайн-трансляциялар, сондай-ақ қажет болған жағдайда бейнеконференциялық байланыс ұйымдастыру арқылы кездесулер өткізуді қамтамасыз етсін», деген талабына орай кездесу аудан әкімдігінің инстаграм парақшасы арқылы онлайн көрсетіліп, ел әкімінің есебін тындап, толғандырылған мәселелерін көтере алды.

Жалпы, кездесу аудан орталығындағы Мәдениет үйінде өтті. Оған аудан әкімінің орынбасарлары, мекеме басшылары, мәслихат депутаттары, қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен село тұрғындары қатысты. Кездесуді ашқан аудан әкімі Советбек Медебаев өткен 2021 жылы атқарылған жұмыстар мен қол жеткізілген жетістіктерді жіпке тізіп шықты.

Баяндамашының сөзіне қарағанда ау-

Бұл 2020 жылмен салыстырғанда 135,2 процентті көрсетеді. Қанаттас жатқан қос қала – Жезқазған мен Сәтбаев шаһарының тұрғындары мал өнімдерін осы өңірден алып отырған соң аудандағы ауыл шаруашылығының дамығаны әрине көңіл қуантады.

Жалпы, өткен жылғы аудан экономикасының нақты секторы бойынша айтар болсақ, өнеркәсіп өнімдерінің көлемі – 3505200,0 мың теңге (114%), негізгі капиталға инвестициялар салу көлемі – 5848400,0 мың теңге (114,1%), шағын және орта кәсіпкерлік саласында жұмыс істейтін субъектілерінің саны – 1773 бірлік (103%), құрылыс жұмыстарының көлемі – 1 096 200,0 мың теңге (28,2%), тұрғын үйлерді пайдалануға беру – 13162 шаршы метр (306,8%) болып орындалып, жыл табысты қорытындыланған. Өз баяндамасында аудан әкімі осы салаларды жеке-жеке жіктеп, түсіндіріп айтып шықты.

Баяндамадан соң кезек тұрғындар тарапынан түскен сауалдар мен көтерілген мәселелерге ойынсты. Бұл бағытта аудан басшысының екі аяғын бір етікке тығатындай өзекті мәселелер бола қойған жоқ. Күнделікті күйбең тіршілік, тұрғын үй мәселесі мен коммуналдық салаға қатысты ағымдағы жайттар тілге тиек болды. Оның бәрине Советбек Тұрсынұлы байыппен жауап беріп, кейбір сұрақтарға қатысты сала мамандары мен басшыларын тұрғызып, толыққанды жауап бергенді.

Әрине, кездесу бір деммен, сырғи өтті десек те артық болар. Жиын барысында әттеген-ай дегізген тұстар да болмай қалған жоқ. Жиынды онлайн өткізуде ескерілмеген бір нәрсе оның сапасына қатысты болды. Басы тәп-тәуір басталған трансляцияның соңы сұйылып, сөздері естілмей, тоқтап-тоқтап қосылып берекені алды. Әрине, техника болған соң ондай-ондай болады ғой деп оған аса мән бере қоймадық та. Бірақ, сол үзіліп қалу фактілері кей азаматтардың сыни тұрғыда әңгіме өрбіткен кезіне дөп келуі көңілге кірбін де ұялатты.

Айтпақшы, «кірбін» дегеннен шығады, Тайжан көшесіне балалар ойын алаңы қажет деген сауалға аудан басшысының «Бұл негізі село әкіміне қойылатын сұрақ

еді. Оған менің жауап беруім құзырыма сай емес» деген сөзін неге жорырымызды білмей қалдық.

Ал, село әкімі Талғат Абжаппаровтың жауабы одан да қызық болды. «Тайжан көшесінде көпқабатты тұрғын үйлер салынып жатыр. Құрылыс жұмыстары біткен соң үйлердің ауласы абаттандырылатын шығар» деді Талғат Мұсылманбекұлы. Бұл сөзден «аудан әкімі білмегенді мен қайдан білемін» дегенді аңғарғандай болды.

Жиынға қатысушыларды селт еткізген бір мәселе аудан орталығындағы автостанцияға қатысты болды. Оны село тұрғыны Қайрат Бекетаев көтерді. «Бізге қоғамдық белсенділік төмен. Көз алдымызда болып жатқан кез келген нәрсеге немқұрайлы, немқетті қараймыз. Әрі кетсе шекеде, құдайы аста күнкілдеп бірдене айтқандай боламыз. Мына кездесу сол барды бар, жоқты жоқ жеп айтуға арналған мүмкіндік. Оны Мемлекет басшысы өзі беріп отыр. Ауылдың ақсақалдары қайда. Осындайда неге бас көтеріп, орамды ойларын айтпайды» – деп аға буынға назын сыпайы жеткізген Қайрат Әріпбекұлы аудан орталығында ашылған автостанцияға бөлінген қаржының негізсіз жұмсалғанын ашына айтты.

– Автостанцияға 14 млн. теңге қаралды. Бірақ, ғимараттың баяғы кейпі сол қалпында. Сыртына бір қалақ лай жағылған жоқ. Іші де сол баяғы қалпында. Сол еден, сол қабырға. Сонда осыншама қаржы қайда кетті. Қайда жұмсалды. Сол 14 млн. теңгеге жұтынып тұрған автостанция салуға болар еді ғой. Осыған жауап беріңізші, – деді Қайрат Бекетаев.

Бұл мәселеге орай аудан басшысы жазбаша жауап беретінін, бөлінген қаржының 14 млн. теңге емес, 8 млн. теңге екенін, оның қайда жұмсалғанын құзырлы орындар тексеретінін жеткізді.

Жиын соңында аудан әкімі Советбек Медебаев тұрғындар тарапынан көтерілген әр мәселенің, қойылған сауалдардың аудандың келешегі үшін, оның дамуы мен әлеуетінің артуы үшін аса маңызды екенін, сондықтан да бұл мәселелердің бәрі ескеріліп, назарға алынатынын айтты.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

ӘЛЕМДЕ

Антарктидада аумағы Лос-Анджелеске тең алып мұздық опырылды

Спутниктен түсірілген суреттерге сәйкес, рекордтық жоғары температура салдарынан Антарктидадағы үлкен мұздықтың бір бөлігі отырылып түсті, – деп хабарлайды Қазақпарат Bloomberg сайтына сілтеме жасап.

Айсберг С-38 деп танылған Конгер мұздығы Уилкс жері маңында қарс айырды. АҚШ-тың Ұлттық мұз орталығы келенсіз жағдай туралы 17 наурызда Конкордия станциясында температура бұрын-соңды болмаған 11 градус Фаренгейтке (Цельсий бойынша -11,8) жеткеннен кейін хабарлады. Оның шамамен 1200 шаршы шақырым жерді (496 шаршы миль) алғаны, ал көлемі Лос-Анджелеске тең болғаны және айдың ортасындағы ыстық күн райының шарықтау нүктесіне жеткендігі атап өтілуде, деп жазды Твиттерде НАСА ғалымы Кэтрин Колелло Уокер. Ғалымдар мұндай құбылыстардың климаттың өзгеруіне байланысты жиілеп кеткенін айтып отыр. Ақпанда теңіз мұзының көлемі рекордтық ең төмен көрсеткішке дейін азайған.

Ауғанстанда

жоғары сыныптардағы қыздарға оқуға тыйым салынды

Өткен аптада Ауғанстанда жаңа оқу жылы басталды, – деп хабарлайды «Хабар 24».

Алайда орта және жоғары сыныптарда оқуға тиіс қыздар әлі сабаққа кіріскен жоқ. 7 айға созылған ұзақ үзілістен кейін олар білім ордасына қуана барғанымен, партаға отырып үлгермей жатып, үйге қайтуға мәжбүр болды. Білім беру министрлігінің мәліметінше, сабаққа 6-сыныпқа дейін оқитын қыздар ғана қатыса алады. Ер балаларға қатысты мұндай шектеу жоқ. Талибан өкілдері шариғат пен ауған дәстүріне, мәдениетіне сай мектеп формасы дайын болған соң ғана қыздар оқуын жалғастыратынын мәлімдеді.

Жапония Ресейге

люкс көліктерді экспорттауға тыйым салды

Жапония экономикалық санкциялар аясында Ресейге люкс автокөліктер мен басқа да тауарларды экспорттауға тыйым салды, – деп хабарлайды ҚазАқпарат Kyodonews агенттігіне сілтеме жасап.

Агенттіктің хабарлауынша, министрлер кабинеті 5 сәуірден бастап эмбарго (шешелге тауар жіберуге тыйым салу) енгізу туралы қаулыны қайта қараған. Қаулыға зергерлік бұйымдар мен өнер туындылары да қосылды. Жапонияның экономика, сауда және өнеркәсіп министрі Коичи Хагидуаның сөзіне қарағанда, бұл қадам Ресей президенті Владимир Путинге қолдау көрсетіп отырған олигархтарға қысымды күшейту мақсатында жасалып отыр. АҚШ пен Еуропалық одаққа мүше елдер де осындай шешім қабылдаған болатын. «Біз халықаралық қауымдастықпен, атап айтқанда, «Үлкен жетілікпен» қатаң санкциялар енгізу жолында бірігіп жұмыс істейміз», – деп мәлімдеді баспасөз мәслихатында Коичи Хагидуа. Жапония үкіметінің деректеріне сай, Ресейге жіберілетін тауарлардың басым бөлігі – автокөліктер. 2020 жылы Ресейге 627,8 миллиард иен сомаға (5 миллиард доллар)

Inform.kz

ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ ЕРГЕ ЖАРАСАДЫ



Кіші жүз елінің Шекті руының азаматы Нығмет аға осыдан 90 жыл бұрын 1932 жылы 3 сәуірде Ақтөбе облысы, Жалғыз бұлақ ауылында дүниеге келген көрінеді. Атасы Құлжан атақты, белді кісі болған дейді. Ол кісіден Лияс, Мұхит, Зубайда, Тәжі және Мариям туады. Лияс ерте қайтыс болған. Шеттей балалардың арасында, шешесінің ет тірлігінің арқасында, аман-есен ашаршылық жылдарында ел көрген қиындықтарды басынан кешірген Нығмет аға орта мектепті тек 1949 жылы бітіріп, сол жылы Ленинград қаласының тау-кен институтына оқуға түседі. 1954 жылы сол институтты инженер-металлург мамандығымен тәмамдайды.

Нығмет аға алғаш рет Жезқазған жеріне 1952 жылы студент кезінде келген екен. Жезқазған темір жол станциясында оны менің әкем Сүтген Қазамбаев қарсы алыпты. «Ол кезде Рудник – Жезқазған комбинатының орталығы болған. Жезқазған әлі қала болмаған, кішкентай поселке, станцияның басында аздаған үйлер, сосын әр жерде екі қабагты ағаш үйлер және қазіргі Комбинатский поселкесі бар. Рудник пен Жезқазған арасында тас жол жоқ, шаңы бұрқыраған дала жолы. Бірақ жан-жағында қарқынды құрылыс жүріп жатқанын байқадым», – дейді Нығмет аға сөзінде. 1954 жылы инсти-

Мыс патшалығында еңбек еткен талайдың өшпестей ізі қалғаны жайлы деректер баршылық. Бірінің еңбегі айрықша көріне білсе, бірінікі – соның көлеңкесінде қалып қояды. Оған бірнеше себеп бар. Оның бәрін талдау емес менің ойым, мен өте бір қарапайым, қой ауызынан шөп алмайтын жан жайлы жазбақшымын. Қарсақбай мыс қорыту зауытына келген алғашқы инженерлердің қатарында болған Нығмет ЛИЯСОВ аға туралы білгенімді бөлісейін.

тутты бітіргеннен соң ол кісі жолдамамен Қарсақбай мыс зауытына келеді. Келісімен үлкендердің айтуымен еңбек жолын мыс балқытушы жұмыскер болып бастайды. Онысы жұмыстың қыр-сырын жетік меңгеру. Әрі ақылшысы, әрі әке, әрі ағасы Мұхит Құлжанұлы Бөпежанов. Мұқаң соғыс алдында Байқоңыр руднигіне басшы болып келген қазақтың бір туар азаматы. Соғыс жылдарынан Жезқазған кен өндірісі басқармасының басшысы. Өте алғыр, білікті басшы, кейін Қазақстан Республикасының Түсті металлургия министрінің бірінші орынбасары болып қызмет атқарған.

Жарты жылдан кейін Нығмет аға Қарсақбай мыс қорыту зауытының мастери, аға инженер, ПТО басшысы болады. 1961 жылы ол кісіні Жезқазған тау-кен комбинатының бас металлургия қызметіне тағайындайды. Бұл кезде Жезқазған мыс зауытының жобалары дайындалып жатқан кез. 1968 жылы мыс зауытының құрылысы басталысымен зауыттың өндірістік техникалық бөлімін басқарады. 1973 жылы Жезқазған мыс зауытының құрылысына белсене қатысқаны үшін Нығмет Лиясов Кеңес өкіметінің Мемлекеттік сыйлығымен марапатталады. Ол дегеніміз сол кездегі өте жоғары сыйлық. 1992 жылға дейін Нығмет аға комбинаттың бас металлургия болып, содан соң сыртқы ортаны қорғау бөлімін басқарды. Бұл қызметте де Нығмет аға көптеген жобаларды іске асырды. Байыту фабрикасының қоршаған ортаны ластауын тежеу үшін рекултивациялау жұмыстарын бастады. Рудник шахталарының жер асты суларын тазарту секілді

жобаларды іске қостырды. Бір сөзбен айтсақ Нығмет аға біздің мысты өңірімізге елу жылдан астам еңбегі сіңген азамат.

Мен бұл кісімен 1970 жылдан көрші болғандықтан жете танып білемін. Текті жерден шыққан, мәдениеті өте жоғары кісі. Биязы мінезді, тірі жанға зияны тимеген екі адам болса, соның бірі дер едім.

Бүгінгі күні Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Лияс ағамыз тоқсанның төріне шықса да әлі тың, жастайынан ұстаған салауатты өмір салтын ұстануда. Еш уақытта мен бәлен болғанмын деген сөз айтпайды ғой. Күнделікті әдетімен таза ауада жаяу жүргенінде кездесе қалсаңыз, бар балаларды аты-жөнін айтып, амандығын сұрап жатады. Өзің қазалап сұрамасаң көп әңгіме де айта қоймайды. Бұл кісінің дүниеге келуі, балалық шағы, шешесінің ет тірлігі, атасы Құлжанның Кеңес өкіметі келмей тұрғанда, Ресей елінен келген көпестермен тамыр болғаны жайлы әңгімелер бір бөлек хикая.

Нығмет ағамыз бен Назгүл тәте екеуі бір ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірген жандар. Өкініштісі тәтеміз сәл ертерек өмірден өтіп кетті. Бірақ ағамыз мойымады, балалары бар, біздің үлкен көшеміздің бүгінгі күні сәні де мәні де болып жүр. Ұлы Айбар әке жолымен мыс өндірісінде, қызы Марал білікті дәрігер, кенжесі Айгүл Астанада тұрады. «Ағасы бардың – жағасы бар» деп тегін айтпаған болар, Нықандай ел ағалары жасай берсін!

М. ҚАЗАМБАЕВ,
Жезқазған қаласының
ардагерлер кеңесінің төрағасы.



Тәуелсіздік алғаннан бері жастарды қолдауға басымдық беру мәселесі біршама айтылып та, жүзеге асырылып та келеді. Бұл шалғайда орналасқан мысты шаһар жастары үшін тіпті маңызды. Осы тұста көптен қозғалған мәселе биыл оң шешімін тауып, қала жастарына орталықтан жаңа ғимарат берілді. Пирамида ғимаратында орналасқан еңселі кеңседе қандай мүмкіндіктер қарастырылғанын кеңірек хабардар болу мақсатында жастар ресурстық орталығының директоры Ақерке СЕРІКПЕН әңгімелестік.



ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ БАР

– Ақерке, жаңа орталықтың бұрынғыдан өзгешелігі неде?

– Алдымен жаңа, кең ғимаратқа көшуіміздің өзі қуанарлық жайт болды. Себебі жастар еркіндікті қалайды. Олардың ой-өрісі, киім киісі, жүріс-тұрысы да өзгеше. Ресми стильден гөрі, көше сәнімен киінуді артық көретін олардың әкімдік ғимаратына емін-еркін кіріп-шығуы біршама қиындық тудырғаны рас. Дегенмен мәселе дер уақытында оң шешімін тапты. 3 қабаттан тұратын жастар сарайында олардың өз мүмкіндіктерін жүзеге асырып, уақыттарын тиімді пайдалануларына жақсы жағдай жасалған.

– Байқағандымдай, орталықта әр түрлі салалар бойынша қызметтер ұсынылған. Осылар туралы нақтылап әйберсеңіз.

– Иә, төменгі қабатта спорттық үйірмелер орналасқан. Қунара бекітілген жұмыс тәртібіне сәйкес аптаның әр күні садақ ату, үстел теннисі, шахмат, дойбы, қол күрес сынды спорттық ойындар секциясы қызмет көрсетеді.

Жыл сайын «Үздік бизнес жоба» байқауы өтіп, қала әкімінің гранты табысталады. Аталған байқаудан өткен жылы 1000000 теңге жеңіп алған Аружан Кенесова орталық ашылған тұста жастар сарайынан жалға орын алу ойын білдірді. IT саласымен айналысып жүрген жас кәсіпкерлер де біздің орталықтан бос орын сұрады. Сонымен қала әкімімен ақылдаса келе, олар орталықта орналасқан ғимараттан орынды жалға алу мүмкіндігіне ие болды. Мамандығы фармацевт болса да, қазіргі таңда үлкен сұранысқа ие массаж кәсібін айналысуды жөн көрген Аружан Кенесова бас, мойын, бел, аяқ массаждарының барлық түрін классикалық және 3D форматтағы кресло көмегімен істейді. Кәсібің қолға алғанына 1-2 айдың жүзі болса да, оған күнделікті келіп, қызмет алушылар саны жетерлік. Ал IT-мен айналысатын жігіттер – Назарбаев және Білім-инновация мектептерінің түлектері. Олар 6 жастан бастап балаларды робототехникаға, компьютерлік бағдарламалар жасауға баулиды. Алдымен түрлі қызықты ойындарға баулып, одан әрі ақыл-ойды дамытатын күрделі бағдарламаларға дейін үйретеді.

Осы айдың 20-на таман былтыр 800000 теңгелік грантты иеленген Фариза Мұсабекова есімді жас кәсіпкер де тигін студиясын ашпақ. Аружан тегін тигін курстарын ұйымдастыруды да мақсат етіп отыр. Әрине, біз барлық жеке кәсіппен айналысуға ниетті жастарға қолдау көрсетуге дай-

ынбыз. Дегенмен, қазір ғимарат 100 пайыз дерлік толықты. Бұрын Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде орналасқан «Бірлік» волонтерлар клубының штабы да жастар сарайына ауыстырылды. Қазіргі таңда жезқазғандықтар жақсы білетін «July jurek» еріктілер клубы да біздің орталыққа жайғасқылары келетіндіктері олардың әкімдік ғимаратына емін-еркін кіріп-шығуы біршама қиындық тудырғаны рас. Дегенмен мәселе дер уақытында оң шешімін тапты. 3 қабаттан тұратын жастар сарайында олардың өз мүмкіндіктерін жүзеге асырып, уақыттарын тиімді пайдалануларына жақсы жағдай жасалған.

Бізге коворкинг орталық та бар. Мұнда жастарға бос уақыттары тиімді өткізіп, сабақтарына дайындалуына, ойындар ойнауға, тіпті демалып, тынығып алуға да болады.

– Жақсы, түсінікті. Жастарды қолдаумен қатар, олардың қызулығын тудыратын жаңа жобаларды да ұсыну қажетін түсініп отырған боларсыз. Бұл мақсатта қандай жаңалықтарыңыз бар?

– Әрине, барынша жаңа жобалар жасауға тырысып жатырмыз. Бірінші кезекте қаламызда жұмыссыз жүрген жастар болмаса екен деген тілегіміз бар. Сол себепті былдан бастап жастар сарайында ай сайын бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі ұйымдастырылып келеді. Бұл жерде жұмыспен қамту орталығымен әріптестік байланыста бірлесіп жұмыс істеудеміз. Осы ай жәрмеңке талабын сәл өзгерттік. Бұрынғыдай ығы-жығылыққа жол бермеу үшін бос жұмыс орындарының жәрмеңкесін сала бойынша ұйымдастыруды жөн көрдік. Осылайша наурыз айында денсаулық сақтау саласы бойынша оқыған жастар жұмыс берушілермен кездесе алады.

Оған қоса, жылдағы дәстүрге сай «Мен – жас қазақстандықпын!» байқауы және волонтерлар арасындағы түрлі іс-шаралар да жалғасын табады. Биыл «Жасыл ел» жобасы жастар ресурстық орталығының қарамағына берілді. Жаздың үш айында жалпы 150 жасты жұмыспен қамтамасыз етуді ойластырып отырмыз. «Үздік бизнес жоба» байқауы бағдарламалар жасауға баулиды. Алдымен түрлі қызықты ойындарға баулып, одан әрі ақыл-ойды дамытатын күрделі бағдарламаларға дейін үйретеді.

Осы айдың 20-на таман былтыр 800000 теңгелік грантты иеленген Фариза Мұсабекова есімді жас кәсіпкер де тигін студиясын ашпақ. Аружан тегін тигін курстарын ұйымдастыруды да мақсат етіп отыр. Әрине, біз барлық жеке кәсіппен айналысуға ниетті жастарға қолдау көрсетуге дай-

– Сауалдарымызға жауап бергеніңізге рақмет, Ақерке! Ісіңізге сәттілік тілейміз.

МТ

Жезқазған тарихи-археологиялық музейі «Тарихта өз атынды қалдыр» атты акциясын дәстүрлі түрде ұйымдастырып келеді. Аталмыш акция аясында әнші, сазгер, ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Жақсыкелді Сейіловтің әсеке заттарын музей қорына қабылдау мақсатында «Текті тұлға, бекзат болмыс» атты іс-шара өтті.



Жақсыкелді Сейілов (1949-1997) – «Қарақөз» вокалды-аспапты ансамблін ұйымдастырушы. Жезқазған облыстық заңғар қоғамының төрағасы. «Жезкиік», «Байқоңыр», «Өн – көңілдің ажары» ансамбльдерінің музыкалық көркемдеушісі болған аса танымал тұлға.

Іс-шараға Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров, Нұр-Сұлтан, Қарағанды қалаларынан келген қонақтар – мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі өнертанушы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Алматы қа-

ТЕКТІ ТҰЛҒА, БЕКЗАТ БОЛМЫС



ласының Құрметті азаматы Мәди Артығалиев, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстанның Мәдениет қайраткері, ҚР Ақпарат саласының үздігі Әли Тойжигіт, Қазақстан Республикасы Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Қырғыз Республикасының мәдениет қайраткері, ҚР Ақпарат саласының үздігі Әшмұхан Жампейісов, Ж.Сейіловтің туысқандары, әріптестері, мәдениет және өнер саласының қызметкерлері қатысты.

Алғашқы ақ тілекті Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров ақтарды. Бұдан кейін қатысушылар назарына Жақсыкелді Сейіловтің өмірі мен шығармашылығына арналған бейнесюжет ұсынылды.

Іс-шараға арнайы Ж.Сейіловтің қолданған заттарын музей қорына салтанат-

ты түрде тапсыру мақсатында Нұр-Сұлтан, Қарағанды қалаларынан келген меймандар Мәди Артығалиев пен Әли Тойжигіт әншінің баянын, дипломатын табыс етіп, тілектерін жеткізді. Сондай-ақ, іс-шарада ҚР Ақпарат саласының үздігі Әшмұхан Жампейісов, Қарағанды облысының Құрметті азаматы, «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы ардагерлер кеңесінің төрағасы Төлеген Бүкіров және тағы да басқа құрметті қонақтар сөз алды.

Шара соңында музей басшысы Раушан Қапарова қонақтарға Алғыс хат, ал, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Төлеген Бүкіров – ҚР Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Әшмұхан Жампейісовке «Кетбұқа» медалін табыстады.

Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ

АЯЛА АЯНЫП ҚАЛМАҚ ЕМЕС

Қазіргі уақытта жарымжан жандарға көмек қолын созып, қор ашып, халықтан қаражат жинап, барынша жақсылық жасауға тырысатын жандардың бастамасымен құрылған топтар, бірлестіктер саны артып келеді. Олар көмекке зәру жандарға көмектесіп қана қоймай, елдің алғысын арқалап жүр. Әрбір мұсылман үшін бұдан асқан сауап жоқ екені сөзсіз.

Осындай топтардың қатарында «Аяла Жастары» тобы да бар. 2015 жылдың қараша айында құрылған аталмыш топты Сәтбаев қаласы бойынша Мәлдір Шарефединова басқарады. Құрылғаннан бері топтың өмірде тағдырдың тәлкегіне түсіп, қиыншылыққа тап болған жандарға жасаған қайырымды істері жетерлік. Осындай игі істерінің нәтижесінде Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Ерікті – 2022» байқауында жүлделі бірінші орынды иеленді. Осылайша олар ЮНИСЕФ ерік-

тілер тобына мүше болды. Негізінен «Аяла жастары» тобы Нұр-Сұлтан, Алматы, Сәтбаев қалаларында жұмыс істеп келеді. Атап айтсақ, сырқаттанып жатқан балаларға қор ашу, несиесін жаба алмай қиналып жүрген жандарға қаражат жағынан демеушілік жасау, көпбалалы, жағдайы төмен отбасыларға, жалғызбасты аналарға азық-түлік, киім-кешек үлестіру сынды қайырымды шаралар. Қор ашып қаражат жинауға көбіне блогерлердің көмегі тиістінін айтады. Жақын-

да ғана «Асар үме қоры» Ақтау қаласында Юлия есімді көпбалалы ананың баспаналы болуына ұйтық болса «Аяла жастары» оның несиесін толықтай өтеп берген. Айта берсек, топтың 7 жылда атқарған істері өте көп. Сәтбаев қаласында құрамында он ерікті мүшесі бар «Аяла жастары» тобы алдағы уақытта да мұқтаж жандарға көмек қолын созу үшін аянып қалмақ емес. Олай болса істеріне сәттілік тілейміз!

Жаннұр ТЛЕМІСОВА.

ҚИЫНДЫҚТЫ ЕҢСЕРІП, ЖЕҢІСКЕ БІРГЕ ЖЕТЕМІЗ!

Қарағанды облысы Жезқазған қаласы, Кеңгір селосының әкімінің сайлауына «АМАНАТ» партиясынан үміткер Алмат Өмірзақұлы САУХИМОВТЫҢ 2022-2026 жылдарға арналған САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



АУЫЛДАРДЫ ӨМІР СҮРУГЕ ҚОЛАЙЛЫ МЕКЕНГЕЙНАЛДЫРУЫМЫЗ КЕРЕК!

Мен, Алмат Өмірзақұлы САУХИМОВ, Жезқазған қаласы Кеңгір ауылында туым. Алматы қаласындағы Орталық-Азия университетінің «Қаржы» мамандығы бойынша аяқтадым. Еңбек жолымды Сәтбаев қаласындағы «Сәт-Сәулет» ЖШС мекемесінде директордың көмекшісі қызметінде бастап, қазіргі таңда Жезқазған қаласы бойынша «Мемлекеттік кірістер басқармасында» басшы орынбасары қызметін атқарамын.

Кеңгір ауылында туып өсіп мектепті 1-сыныптан 11-сыныпқа дейін оқып өзімді Кеңгірдің тумасы ретінде, ауылдастарыммен етене

араласып жүргендіктен де ауыл тұрғындарының күн сайынғы қиындықтарын бір кісідей білемін. Ауылды ауылдың жолдарын жөндеу, электр желілерімен, су, балабақша мәселелері толғандырады.

Осы аталған мәселелердің шешімін, ауыл өмірін қалайша жақсартуға болатынын ауыл азаматтарымен кеңесе отырып қарайтын боламын.

Мен әрқашан байланыстамын!

Тел/WhatsApp: +7053221253 Email: almat_sauhimov@mail.ru

Құрметпен, Алмат Өмірзақұлы САУХИМОВ

ҚҰРМЕТТІ КЕҢГІР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ САЙЛАУШЫЛАРЫ!

Мені ауыл әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы 4 жылда:

- ✓ Селоларда өмір сүру жағдайын жақсарту үшін жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіруді қамтамасыз ету;
- ✓ Кеңгір селосы ішілік автомобиль жолдарын Бейбітшілік көшесінен Молодежная көшесіне дейін асфальт салумен Қорғанбай ауылы автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу жұмыстарын жалғастыру қажет;
- ✓ Кеңгір селосының су құбыры желілерін ауыстыру;
- ✓ Суармалы су жүйесін ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу;
- ✓ Құрылыс қалдықтарды шығару бойынша жұмысты жалғастыру;
- ✓ Келесі маңызды мәселе Кеңгір

селосында 140 орындық балабақша құрылысы болып табылады;

- ✓ 2024-2025 жылдарға арналған «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасына сәйкес Дене шынықтыру сауықтыру кешінің құрылысына ықпал жасаймын;
- ✓ 2025 жылдан бастап Кеңгір селосын газдандыру;
- ✓ Заннама шеңберінде халыққа қызмет көрсету жұмысының сапасын күшейтіп және ауылдарда тәртіптің сақталуын міндетті түрде бақылауға қоюға ықпал жасаймын;
- ✓ Саябақты көріктендіру және көгалдандыру бойынша жұмысты жандандыру;
- ✓ Ауыл және ауылдық округінде санитарлық тазалау жұмыстарын жалғастыру;

- ✓ Білім беру мекемелерінің құрылысы мен жөндеу жұмыстарын жүргізу;
- ✓ «2022-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамытуға Ұлттық жобасы бойынша» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде азаматтарды жұмысқа орналастыруға және оқытуға жәрдемдеу;
- ✓ Мен бюджеттің шектеулі екенін түсінемін, сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздеу арқылы: Ауыл шаруашылығы саласының дамуына жан-жақты қолдау жасау, яғни мемлекеттік бағдарламаларды халыққа дұрыс жеткізе отырып, түрлі жөнілдіктерге қол жеткізуге үлесімді қосамын;
- ✓ Ауылда туындаған проблемалардың уақытылы шешілуіне күшімді саламын.

ҚЫМБАТТЫ АУЫЛ ТҮРГЫНДАРЫ!
Ауылымыздың ертеңі қандай болатыны сіз бен бізге байланысты. Сондықтан Сіздерді сайлау уақытесіне келіп, маған дауыс беруге шақырамын. Сіздің дауысыңыз – өз жақын-жақандарыңыз бен ауылдастарыңыздың бақытты және бақуатты өміріне қосқан үлесіңіз!
Берекелі ауыл – табыста мемлекет!
САЙЛАУА ҚЕЛІНІЗ! МЕН ҮШІН ДАУЫС БЕРІҢІЗ!

Республикалық бюджеттен қаржыландырылған.

Қарағанды облысы Жезқазған қаласы, Кеңгір селосының әкімінің сайлауына үміткер Гүлдерай Абдуқасқызы ҮСЕНОВАНЫҢ 2022-2026 жылдарға арналған САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Ауылдық округ әкімдігінде кандидат ретінде шешім қабылдай отырып, мен ауылда бар әлеуметтік мәселелерді шешу үшін бар күш-жігерімді салуға және мемлекеттік қызметте болған кезеңде жинақтаған барлық дағдыларым мен білімімді жұмыста қолдануға ниеттімін.

Сүт, ара шаруашылығы, бөдене, қаз және үйрек фермаларын таңдау үшін үй қояндарын өсіруге болады. Сүт және ет өнімдерін сату, қаладағы дүкендер мен базарлардың ассортиментін әртарапандыру;

1977 жылы 5 мамырда Қарағанды облысы Никольский (Сәтбаев) қаласында дүниеге келген.

Қазақстан Республикасының азаматы. Білімі – жоғары.

Менің сайлауалды бағдарламам осы ауылдық округтің тұрғындарын толғандыратын келесі мәселелерді жүзеге асыруды қамтиды:

- ауылдық округтегі экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық бүгінгі күні бар, бірақ одан әрі дамытуға талап етеді (нақты жағдайға жақын ауылдарда жаңа қызмет түрлерін ашу). Осылайша «Ауыл – ел бесігі» жобасын жүзеге асыру. Жобаның негізгі мақсаты ауылдағы өмір сүру сапасын жақсарту, ауылдық аумақтардың әлеуметтік ортасын жаңғырту, оларды өңірлік стандарттарға дейін жеткізу болып табылады. Жалпы, жайлы өмір сүру ортасын құру.

- ауылдық округті абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалық жөніндегі жұмыстарды жандандыру;
- кәсіпкерлік бастамаларды көтермелеу, ауылда шағын және орта бизнесті дамыту. Шаруа қожалықтарының мал басын көбейту, мал шаруашылығын дамыту және оны қайта өңдеу, мал сою цехын ашу;
- азаматтардың мемлекеттік

бағдарламалар шеңберінде жұмысқа орналасуына және оқуына жәрдем көрсету. Ауылда жаңа жұмыс орындарының ашылуы. Бұл қазақ халқының ұлттық колөнерінің жандануына байланысты болуы мүмкін (жүн басу, кілем тоқу және тігу, былғары өңдеу және өрнектеу, Ұлттық киім мен аяқ киім тігу, жылқы өсіру және тағы басқалар). Ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу шеберханасының ашылуы.

- қалаға дейін тұрақты жолаушылар көлігін қамтамасыз ету.

- ауылдық округ тұрғындарының салауатты өмір салты мен мәдени демалысын қолдау.

Республикалық бюджеттен қаржыландырылған.

Қарағанды облысы Жезқазған қаласы, Кеңгір селосының әкімінің сайлауына үміткер Жасұлан Қуандықұлы ШАЛДЫБАЕВТЫҢ 2022-2026 жылдарға арналған САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Жасұлан Қуандықұлы Шалдыбаев 1981 жылы 25 қаңтарда Жезқазған қаласы, Кеңгір селосында дүниеге келдім. Жасым – 41 де. Кеңгір селосының №2 мектебінде 11 жыл оқыдым. Одан соң Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін бітіріп, сурет және сызу мұғалімі мамандығын алдым.

Еңбек жолымды да өзім туып, өскен Кеңгір селосының тарихы бойып кіріп, таудай болып шыққан №2 алтын ұя мектебінде

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 31 жылы мемлекетіміз үшін ұлы өзгерістерге толы болды деп батыл айтуға болады. Президентіміз Қ. Тоқаев «Жаңа Қазақстан» құру мақсатында халыққа жолдаған Жолдауында еліміздің бейбіт, бақуатты қоғамда өмір сүруі үшін ешнәрседен аянып қалмайтындығын жеткізіп отыр. Солай боларына мыңдаған қазақстандықтармен бірге мен де шүбәсіз сенемін. Уәденің алды біздің аймақта орындала бастады. Оған дәлел, қасиетті мекен Ұлытау аймағының облыс мәртебесіне қайта е болуы. Мен осынау киелі өлке Ұлытау – Жезқазған аймағында туып өскенімді, киелі қаным тамған берекелі Кеңгірімде өмір сүріп, еңбек етіп жатқанымды мақтан тұтамын.

мұғалімдіктен бастадым. Кейін «Центральный РЭС» АҚ «ЖезРЭС» - тің Кеңгір селолық филиалында жоғары кәсіпкерлік болып жұмыс жасадым. Жезқазған қаласы КТП «УГАД» мекемесінде электр жүйесі маманы қызметін атқардым. Керекті тәжірибе жинап №2 жалпы білім беретін мектепке қайта оралып директорың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары болдым. Қазіргі таңда жеке кәсіпкерлікпен айналысамын.

- ✓ Ауыл су, баяу – бақша суаруға арналған құбырлардың уақытылы және сапалы тартылуын қалағалы.
- ✓ Қаріз құбырларын және сорғы станцияларын жөндеуден өткізу.
- ✓ Көше мәдениетін және село тазалығын сақтау мақсатында қоқыс контейнерлерінің орналасу орындарын көбейту (жан – жағын қоршау)
- ✓ Зейнеткерлерге, көпбалалы отбасын, мүгедек жандарды қолжетімді дәріханамен қамтамасыз ету.
- ✓ Ауыл жастарының қоғамдық белсенділігіне, ой – пікірінің ашық болуына, мәдени демалыс орындарының қызметі тұрақты әрі сапалы болуына қолдау көрсету.
- ✓ Ауылымыздың саябағын абаттандыру, көгалдандыру, балалар алаңын ұйымдастыру.
- ✓ Саябақ жанынан ауыл халқының салауатты өмір салтын ұстану негізінде заманауи спорттық сауықтыру кешенінің және жабық заманауи бассейнінің құрылысын салуға қол жеткізу.

ҚҰРМЕТТІ АУЫЛДАСТАР!

Өркениетіміз өрге, елдігіміз төрге қадам басу үшін осындай міндеттерді мойныма алып отырмын. Бұған қол жеткізу үшін ортақ ымыра-бірлік керек. Мен сіздердің қолдауларыңызға сүйене отырып бойымдағы барлық тәжірибемді, күш – жігерімді, білімі мен білгенімді сарқа жұмсауға дайынмын.

Дана халқымыз: «Алға ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса төбедегі келеді» дегеніндей маған қолдау білдірсеңіздер аянып қалмасым анық. Алар асыларымыз бен естер жетістіктеріміздің көп болуы бірлесе қимылдауымызға байланысты деп білемін.

Республикалық бюджеттен қаржыландырылған.

АҚПАРАТ АРНАСЫ

ДЕПУТАТТАР ҚАПШАҒАЙҒА ҚОНАЕВТЫҢ АТЫН БЕРУДІ ҚОЛДАДЫ

Қапишағайлық депутаттар қала атауын өзгертуді қолдады.

Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясы отырысында Қапшағай қаласын Дінмұхамед Қонаевтың құрметіне қайта атау ұсынылған. Қалалық мәдениет бөлімі басшысының айтуынша, өткен аптада Қапшағай әкіміне елді мекеннің атын өзгерту жөнінде ондаған ұсыныс түскен.

Депутаттардың дауыс беруі нәтижесінде Қапшағай қаласының атауын Дінмұхамед Қонаевтың құрметіне өзгерту туралы бірауыздан шешім қабылданды. Қала атауын өзгерту туралы соңғы шешімді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қабылдауы керек.

ІТ АУЫЛҒА ДА ЖЕТТІ

Мемлекет жалпы орта білім беретін мектептерге көңіл бөлу керек. Бұл жайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауында ерекше атап көрсетті. Президент тек дарынды балаларды қолдау – балалар арасында алаштық тугызуы мүмкін екенін жасырмады.

Ендігі жерде, қарапайым мектептің оқушыларын тасада қалдырмауға көңіл бөлінбек. Мұнымен бірқатар, келесі маңызды түйіндер де шешілетін. Ол – ауыл мен қала арасындағы алаштық тыйылып, жұмыс тоқтап қалған балалар үйірмесінің қызметі жанданады. Ал бұл, өз кезегінде, жасөспірімдерді ақпараттық қатерден қорғап, олардың білімін жетілдіріп, күш-жігерін ұштауға мүмкіндік береді.

Осы бастаманы ілгерілету ретінде, Оңтүстіктің және Қарағанды облысының ауылдық жерлерінде ашылған балалар технопаркін айту жеткілікті. Қазалы ауылындағы ІТ iMAQ-KAZALY балалар паркіне бүгінде 10-17 жас аралығындағы 310 оқушы барып жүр. Технопарк базасында робототехника, компьютерлік және интерактивтік жабдықтар, информатика, радиоэлектротехника, бастауыш техникалық модельдеу, көлік модельдеу үйірмесімен бірге, тілдік орталықтар, 3D принтер, сандық зертхана, дрон аппаратын басқару, жоба дайындау мен оларды өндіріске енгізу ұстанымын әзірлеу жұмыстары атқарылады. Балаларға сала мамандары шеберлік сағатын өткізеді.

3D технологияларды оқытатын кабинет мульти-медиялық жиһазбен, мульти-медиялық құралдармен, 3D принтер және материалдармен қамтылған. Бұл оқушылардың ІТ саласына қатысты білімін ұштауға септігін тигізіп, сандық технологияның көмегімен түрлі бағдарламаларды меңгеруіне ықпал етеді, – дейді аудандық оқушылар үйінің директоры Қазиманбаев.

Қарағанды облысының Ботақара кентінде бытыр пайдалануға берілген балалар технопаркін жасақтауға бюджеттен 38 516 мың теңге қаржы бөлінген.

– Бұл арада балаларға робототехника мен ІТ-технологиялардың негізі түсіндіріліп қана қоймайды, келушілер компьютер мен теледидар сырына қанығады. Технопарк бірнеше оқыту блогынан тұрады. Атап айтқанда, «Жобалау

технологиясы», «Жасыл технологиялар және экология кабинеті», «Дыбыс жазу студиясы», «Журналистика. Телестудия», «Hi-Tech цех», «Көркем модельдеу» үйірмелері бар. Талапқа сай жабдықталған техникалық орталықта жобалық қуаты 80-100 үміткерді қабылдайтын 6 кабинет жұмыс істеп жатыр. Қазіргі кезде оқушылар биология пәнінен өтетін сабақтың тақырыптарын тереңдету арқылы тәжірибелік сынақтар жасауда. Талапты да, талантты балалар ғылыми жарыстарға қатысуда. Мысалы, үйірме мүшелері жаңа тәсіл арқылы астық дақылдарын, гүлдердің сан алуан түрлерін өсіруде. Зертханалық жұмыстарға машықтанған балалар өсімдіктерді баптаудың да дара жолын меңгерді. Ал Hi-Tech кабинетінде шәкірттеріміз қыш, фрезерлік, лазерлік кесу, дәнекерлеу станоктарының көмегімен шеберліктерін шыңдауда, – дейді Бұқар жырау ауданы білім бөлімінің меңгерушісі Бактықыз Тұртбаева.

Облыстық білім басқармасының хабарлауына қарағанда, сәуір айында осақаровтық өрендерге осындай технопарк ашылады. Бұл Бұқар жырау және Осокаров аудандарындағы 250 баланың ақысыз қосымша білім алып, заманауи технологияны қыр-сырын меңгеруіне жол ашпақ.

Дамыған мемлекеттер инновациялық және технологияны дендеп жолға қойған. Әлем елдері әлі де, ақпараттық технология саласын ілгерілететін кадр тапшылығын шешуді күн тәртібінен түсірген емес. Қазақстанға да, ІТ мамандар аударай қажет. Еліміздегі ІТ компаниялар қауымдастығының президенті Нұрлан Исиннің мәлімдеуінше, АКТ маманы тыңғылықты, әрі үздіксіз ізденісте болған жағдайда ғана, әлем көшінен қалыс қалмайды. Сала мамандарына ішкі және сыртқы нарықта да сұраныс бұдан әрі іркілмек емес. Демек, бізге қат кадрларды мектеп партасынан дайындауды бүгіннен бастағанда, еш ұтылмаспымыз анық.

«Жас Алаш газеті» сайтынан алынды.

Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылы әкімдігіне тіркелген кандидаттар туралы Жезқазған қалалық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

Тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері, ұсыну әдісі
Үсенова Гүлдерай Әбдуқасқызы	1977	«Жезқазған қаласы әкімінің аппараты» ММ АҚ және ТЖ бас инспекторы, Жезқазған қ., өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған
Саухимов Алмат Өмірзақұлы	1985	Жезқазған қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары, Жезқазған қ., «АМАНАТ» партиясы ұсынды
Шалдыбаев Жасұлан Қуандықұлы	1981	«Кеңгір ауылының №2 жалпы білім беретін мектебі» КММ, күзетші, Жезқазған қ. Кеңгір ауылы, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған

Кеңгір ауылы сайлаушыларымен кездесуге арналған ғимараттардың мекенжайы

№	Елді-мекен атауы	Ғимарат мекенжайы
1	Кеңгір ауылы	Кеңгір ауылының №2 жалпы білім беретін мектебінің акт залы, Школьная көшесі, 2-үй
2	Теректі станциясы	Теректі станциясы №6 негізгі орта мектебінің акт залы, Алтын Орда көшесі, 23

Кеңгір ауылы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

№	Елді-мекен атауы	Үгіт баспа материалдарын орналастыру орындары
1	Кеңгір ауылы	Школьная көшесі, 26 Әкімшілік ғимараты

Республикалық бюджеттен қаржыландырылған.

ХАБАРЛАНДЫРУ

16505 әскери бөлімі **18 бен 28 жас** аралығындағы ер адамдарды келісімшарт бойынша әскери қызметке шақырады. Жалақы – **150000 тг.** Жұмыс тәртібі: 1/2 немесе күн (түн), (ұйқы) демалысы.

Барлық сұрақтар бойынша Елдосқа хабарласыңыз: **87072103642**





әдебиет, мәдениет һәм өнер беті

ЕСКІДЕН ЖЕТКЕН ЕСТІ СӨЗ

ҚОЖАБАЙДЫҢ ӘЛМЕМБЕТ БОЛЫСҚА АЙТҚАНЫ

Болман ақынның әкесі Қожабай да от ауызды, орақ тілді, табан астында селдете жырт төгіп тастайтын алғыр ақын болыпты.

Қожабай көп уақытын Жездідегі Әлмебет болыстың есігінде жалшылықта өткізеді. Бірде болыс Қожабайды балаларының ауырып жатқанына қарамай Ащыкөл, Телікөл, Сегізсай деген жерлерге тұз әкелуге жұмсайды. Ұзақ жол жүріп, қайтып оралса, сол сырқаттан үш баласы бірден өліп,

Болманы ғана тірі қалған екен. Іші қазандай қайнаған қырғи тілді Қожабай:

Әлмебет, құлағың сал, бермен қара, Өзіндей адам еді өлген бала. Өңкіп болыс болып отырмасың, Болуың сенің де оңай ертең мола.

Болысым, көңілің бірдей аспанменен, Шіркін-ау, өлмейсің асқанменен?! Қарынбай, дүниекоңыз ол да өлді, Бауырына бар байлықты басқанменен, – деп болыстың қаражүректігін, тасбауырлығын, қиянатшылығын бетіне басып, қолын бір-ақ сілттеп, көшіп кетеді.

ЕЛ АУЗЫНАН

• Ауылдың айтқыштары

МЕН МҮЖІМЕГЕН ОМЫРТҚА

Шеңбер-Терісаққан өңірінде Мұбарак Жапаров деген кісі болды. Сөзін «бәтір-ау» деп бастайтын болғандықтан, ауылдастары оны «Бәтірау» атап кеткен еді.

Сол Мүкен отбасы жағдайымен Терісаққан ауылымен іргелес жатқан Ковыльное ауылына көшіп барыпты. Орысша қалыптасқан ортада қазақы дәстүрлер сақтала бермейді екен. Әсіресе, соғым сойылғаннан кейін жілік шағар, омыртқа мүжу дегендер бұл ауылда болмаса керек.

Бірде, көктемге салым Мүкеннің сиыры ауырып, пышаққа түседі. Сиырды бауыздаса жұтқыншағына омыртқа кептеліп қалған екен. Сонда Мүкен омыртқаны алып жатып:

– Бәтір-ау, қыс бойы мен мүжімеген омыртқаны сен қайдан тауып мүжіп жүрсің, жануарым, – деген екен.

Мүкеннің астарлы сөзін ұққан көршілері ұялғаннан кешкісін дәм асып, қонаққа шақырыпты.

Аманкелді АҚШАЛ.

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

ҚЫЗЫР БАБАМЕН ӘҢГІМЕ

– Іздірәсти, балдары, аман ба кемпір-шалдары?
– Ау, Қызыр баба-ау, не деп шүлдірлеп тұрсыз?
– Ә, сөйттім бе? Мен өзі қайда келдім?
– Қайда болушы еді, Қазақстанға.
– Е, онда дұрыс сөйлеп тұр екенмін ғой.

– Қалайша дұрыс сөйлеп тұрсыз? Не орыс емес, не қазақ емес.

– Қазір ұрпақтарым солай болып кетті дейді ғой. Киноларымыз да «шүлдір-шүлдір», концерттеріміз де «шүлдір-шүлдір», теледидардағы хабарлар да сондай. Тіпті, мектептердің өзі аралас көрінеді.

– Ай, Қызыр атасы, сөзіңнің жоқ қатасы. Ондайымыз бар енді. Ал енді Атажұрт туралы тағы не естідіңіз?

– Көп қой, қайсын айтайын.
– Енді, бір-екеуін айтып көріңіз.
– Ел айтады, бұрын сендерді әкешелерің оқысың, білім алыс деп орталыққа интернатқа әкеліп жатқызады екен...

– Е, енді, ұрпағының болашағын ойлағандары ғой. Содан...

– Содан, бүгін, сендер әкешелеріңді интернатқа өткізетін болысыңдар.
– Не дейді?! Оны кім айтып жүр?!

БІМ ҒАЙЫМ.

СІЗ, БІЛЕСІЗ БЕ?

«ДОСТАРҒА» ӘНІ ҚАЛАЙ ТУҒАН?

Ән сүйер қауым жақсы білуге тиіс, тоқсаныншы жылдардың соңында көмейіне бұлбұл ұялаған қазақтың тамаша әнші қыздарының бірі – Жанар Айжанова орындаған «Достарға» әні хитқа айналған еді.

«Жабыққан сәтте қас-қағым,

Жанымды ұзар басқа кім.

Жаңа бір әуен бастадым,

Сендерге арнап достарым» деп келетін қайырмасы бар, өлеңі өрелі, әуені әуезді осы бір ән сол сәттен бастап елдің сүйіп тыңдайтын, сүйсіне орындайтын әніне айналды. Бірақ, талай рет естіп, тамсана тыңдап жүрген әннің тарихында терең сыр, жан күйзелісі мен ауыр азаптан кейінгі достарға деген риясыз ықылас барын екінің бірі біле бермесі де анық...

Әннің сөзіп күршімдік ақын, журналист Хасен Зәкәрия жазыпты. Ал, әнін марқұм болған әуесқой композитор Оралхан Көшеров шығарған екен. Екеуі жерлес әрі дос болған жандар.

Оралхан Көшеровтың созымалы сырқаты бар екен. Бір отырыста Оралхан қатты қысылып, достары жедел жәрдем шақырып, ауруханаға апарды. Сазгерді тексеруден өткізген дәрігерлер жағдайдың қиындап кеткенін, тез арада күрделі ота жасалмаса, науқастың халы нашарлап кететінін ескертті. Ал ота жасау үшін 20 мың теңге ақша табу қажет. Мұндай қомақты қаржы (бұл 1995 жыл екен, ал ол кезде мұндай ақша біршама үлкен сома еді) қарапайым шығармашылық адамдарының қайсыбірінің қалтасынан табыла қойсын. Шын ниеттес, жанашыр азаматтар ақылдаса келе сазгердің өнерін ерекше құрметтейтін Күршім ауданының тумасы, кәсіпкер Жанарбек Білімбаевқа келіп, жағдайды айтады. Кәсіпкер көп ойланбастан барлық жоқты қаржысын жиыстырып, қажетті соманы тауып береді. Дер уақытында жасалған ота сәтті өтіп, Оралхан Көшеров бір ажалдан аман қалады.

Сазгер сол жатқаннан ауруханада табаны күректтей екі ай, жиырма күн жатады. Оның сырқатынан құлақтанған Өскемендегі көңілі жақын дос-

жаран, тілеулес замандас атаулы тегіс келіп, көңілін сұраумен болады.

Ауруханадан аман-есен шығысымен Оралхан туған ауылы Топтерекке келеді. Оны естіген досы Хасен Зәкәрия жердің шалғайлығына қарамай арнайы келіп, көңілін сұрап, қона жатып сұхбат құрады.

Ертеңінде Хасен досын үйіне шығарып салып тұрып Оралхан Көшеров:

– Хасеке, менің осы дерттен аман қалғаным, бірінші – Құдайдың, екінші – достарымның арқасы. Бір ән арнасам деймін соларға, «Достарға» деген өлең жазып! – деп өтініш білдіреді.

Уәдесін беріп аттанған ақын ағамыз қат-қабат тірліктің қамымен жүріп, мұны есінен шығарып алса керек. Біраз уақыт өткізіп барып «Достарға» деген өлеңнің сөзін жазып, Күршімге кетіп бара жатқан ауылдасынан «сазгердің қолына табыс ет» деп әннің мәтінін беріп жібереді.

Көп ұзамай құнарлы тіл, құлаққа жылы тиер сазды әуенмен үйлесім тапқан жаңа шығарма жиын-тойларда шырқала бастайды. Ал 1999 жылдың қараша айында Жанар Айжанова «Достарға» әнінің тұсауын үлкен сахнада кескен сәттен бастап-ақ ол тыңдарман жүрегіне жол тауып, жоғары сұранысқа ие болады.

Ғаламтор әгелісінен алынды.

Әке қасіреті

Қаусаған қасіретті қарал шалмын, Бұл күнде қара шалмен санасар кім. Жанымды жегідей жеп қарттар үйі, Бойымнан қуат кетіп аласардым, – домбыра күмбірімен зарлана шыққан термеге құлағын түре түсіп еді, бірақ, әуен бұдан бірте-бірте алыстай берді. Термені одан әрі тыңдау үшін көліктің артынан жүгіріп кететіндей болып орнынан атып тұрды. Әуенге берілгені соншалық, бұнысын өзі де байқамады. Тек белі қақсағанда барып, орнынан тұрғанына өкінді. Жаңағы терменің әсері болар, көңілі босап, көзіне жас алды.

Енді ес біле бастаған шағында, әкесі дүниеден озды. Үйінің үлкені болғасын артынан ерген інісі мен қарындасын жеткізу бұның мойнына жүктелді. Анасына көмектесу үшін оқуын тастап жұмыс істеуге тура келді. Жасы небәрі 12-ден асқан, білімі жоқ балаға жақсы жұмыс қайдан табылсын, әйтеуір зауытқа үн тасушы болып орналасты. Өздері бес адам. Бұдан өзгелері үлкен-үлкен, енгезердей жігіттер. Күніне бәленбай қап ұн түсіреді. Мықшындап әрең көтереді. Кешке үйге келгенде белі қақсап ауырып, көпке дейін ұйықтай алмай шығатын. Бұнысын онысы да киналып жүрген анасына білдіртікіс келмейді. Бала болғасын оған онша мәнде бермейтін. Қартайған шағында мұнысы өзіне ауру болып жабысты.

Шіркін, уақыт өз дегенін алады ғой. Қызығы бар, шыжығы бар зымырап жылдар өтіп жатты. Ананы жеткізем, мынаны жеткізем деп жүргенде өзінің

жасы қалай 30-дан асқанын білмей қалды. Енді жан-жағына көз салып қараса өзімен жасты жандардың бірнеше балалары бар, алды оқу бітіріп жатыр. Артынан ерген бауырлары да аяқтанып бітіпті.

Бірде жалғыз інісі бұны оңаша шақырып алып:

– Жарас, қашанғы осылайша жүре бермексің? Жар құшып, бала сүйіп, бақыт табатын уақытың әлдеқашан болды. Білемін, біз үшін, бізді жеткізу үшін көп жұмыс істедің. Жас шағында жігіт болып, серілік құрып, қызға да қырындамадың. Ойыңда тек анамызға көмектесу, біздің жағдайымызды жақсарту болды. Әрине, ол үшін саған мың алғыс айтамыз. Қатарымыздан қалдырмай өсірдің. Қарындасымызды құтты орнына қондырдың, менің үйлену тойымды жасадың. Ендігі кезек бізге келді. Рұқсат болса, келініңіздің бір дос қызы бар, өзі қарапайым, әрі ауылдың қызы. Соны сізге жар қылсақ деп едік. Әрине, біз бұны қыздың сізде көңілі болғасын айтып отырмыз, тек сіз келіссеніз болғаны, – деді.

Жарас көп ойланбады. Ауылдың

қызы болса, ибалы, тәрбиелі болатынына сөз жоқ. Үйіне құтты келін, өзіне сенімді жар болатынына сенді. Жары ойынан шықты. Бақытымен 30 жыл отасқанда бірде-бір қабақ шытысып, ұрысып көрген емес. Құдайдың құдіретіне шара жоқ қой. Қосылғаннан кейін 10 жыл бір шікі өкпеге з а р



болып жүрді. Он жыл өткенде жасы қырықтан асқан шағында Бақыты бұған шекесі торсықтай ұл сыйлады. Ақыры бар балалары жалғыз осы ұл болды. Қыз – қонақ, ұл – ата-ананың парызын өтеуші, әрі өмірінің жалғасы ғой. Осы ұлды берген Құдайға мың тәуба қылды. Ата-ананың жалғыз баланы қалай тар-

биелейтіні белгілі, жалғыз ұлдары үлде мен бүлдеге оранып, бетінен ешқандай қағу көрмей ер жетті.

Арада 20 жыл өткенде, алпыстан асқан шалын 20-дағы ұлымен жалғыз тастап, Бақыт бұл дүниемен мәңгіге қоштасып кете барды. Жан жарынан айырылған Жарас уайымға салынып, қатты жүдеп кетті. Тек ұлы үшін, ұлының қызығын көру үшін өмірге деген құлшынысы бар еді. Өзім мүгедекпін, әрі жалғызбын деп арыз жазып, әскер қатарынан алып қалды. Кемпірі өлгесін сауатын ешкім болмағасын қолындағы 2 бұзаулы сиыры мен өгіз-шесін сатып, ұлының астына көлік те әперді. Қалған ақшасын келін түсіру тойына деп сақтап қойды. Онысы да көп күттірген жоқ. Бір кеште ұлы қазақтың қара домалақ қызын үйіне келін қылып түсірді. Сонда әке қуанышында шек болған жоқ, барын шашып, жұрттың аузында қалағындай той жасады. Әрине, ол кезде Жарас өзін алда қандай өмір күтіп тұрғанын білген жоқ. Енді келіннің қолынан шай ішіп, немере сүйетін бақытты күндерін өзінше көз алдына елестетті.

Бірақ, әке арманы алыстан қол бұлғаған сағымдай болып қала берді. Арада 6 айдай уақыт өткенде, бір күні баласы бұны машинасына мінгізіп, үн-түңсіз Қарттар үйіне әкеліп тастады. Бар айтқаны:

– Папа, кешір бізді! Сіз бізге өзіміз ойланбай өмір сүруімізге кедергі келтіріп жүрсіз. Жалғыз тастайық десек, сен жалғыз өмір сүре алмайсың, ең дұрысы осы Қарттар үйі. Бұл жерде жалғыз болмайсың, өзіңе дос та тауып аласың, – деді. Ұлынан мұндайды күтпеген әке, әуеліде шошып кетті.

– Жалғызым-ау, сен не айтып отырсың? Мен сенің әкең емеспін бе? Немере сүйгізіп, өлгенше бағудың орнына бұның не? – деп келе жатыр еді, ұлы:

– Не дейсің? Немере дейсің бе? Ты что, папа, келіңіңе әлі ерте, жас емесің бе, бізге әлі қыдыру, жүру керек, а қогда немере болады, сол уақытта біз сізді бұл жақтан алып кетеміз, – деді.

Осылайша әне келеді, міне келеді деумен күндер өтіп жатты. Бірақ ұлы бірде-бір денсаулығын сұрап келген емес. Тек артында қалған жалғыз қарындасы келіп, өз қолына әкетейін деп еді:

– Жалғыз ұлға сыймағанда саған қалай сиямын. Мен алжығанды қайтесің, өз өміріңді кеше бер. Мен ұлымын бір күні келіп, алып кететіні сенемін және сол күнді күтемін, – деп, қарындасы қанша жалынса да көнбеген қалпы қала берді.

Міне, бүгін сол күнді күткеніне бір жарым жыл болды. Бірақ, ұлынан бір хабар келген емес. Жастайынан қиыншылық көрген жан, жасы 60-тан асқан шағында осындай өмір кешуді армандап па еді? Бұл өмірі үшін кімге өкпелейді? Кімге наз айтады? Құдайдан сұрап алған жалғыз ұлына ма? Мүмкін ұлының ауыр қылмыспен 15 жылға сотталып кеткенін айтпай, жасырып қалған қарындасына өкпелеу керек шығар. Әрине, жоқ. Қарындасы онысы да уайымға салынған бауырының қабырғасын қайыстырғысы келмеді. Айттып өлтіргенше, ештенені білмегені дұрыс деп шешті.

Ұлының қайда екенін, оның қандай өмір кешіп жатқанынан бейхабар әке, оның бір күні келетініне сенумен күн кешуде. Іштегі қасірет жанын жегідей жеп бара жатса да, мойынұсынғысы келмейді. Ұлының өзін бір күні алып кететініне, көптен күткен немересін көріп, қауышатынына сенеді және де сол бақытты күнге жету үшін әрбір танды асыға күтеді.

Қайран әке! Жүрегіңдегі бұл арманның ешқашан орындалмасын қайдан білсін?!

Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ.



Жазушы, этнограф Төрехан МАЙБАС есімі Арқа жұртышылығына етене таныс. Ұлтымыздың ұмытылып бара жатқан киелі таным, түсініктері тура-сында тұрақты балам тербеп келеді. Рухани жаңғыру аясында жасырын жатқан жерінен жарыққа шыға бастаған құндылықтарымыз жас ұрпақтың бойындағы күш-қайратын оятып, жігерін жани түссе баршаымыздың да ұтарымыз хақ. Газетіміздің осы санынан бастап беріле бастайтын Төкеңнің туындысы осы мақсатқа қызмет етеді деп сенеміз.



Төрехан МАЙБАС, жазушы.

ТӘҢІРҚҰТ

Сағындық ХАНБАТЫРҒА

*Көктемде қой да қоздайды,
Ит те күшіктейді,
Қасқыр да балалайды,
Қой баласы қой болып шөп жейді,
Ит баласы ит болып боқ жейді.
Қасқырдың баласы қасқыр болып қой жейді.
Асылдың басын асыл алмақ емес,
Нәсілдің құны сұралмай қалмақ емес.*

КОЖБАМБЕТ БИ.

Жаманауыз деп жерге тығып жібереміз. Тәңірқұт деп аспандатамыз. Неге?!

Атақты Сүйінбай ақыннан да кодтық өлең қалған. Соның бірі біздің жазып отырған тақырыбымызға байланысты. Әңгіме түп-тура қасқыр туралы.

Берілі байрақ астында,
Бөгеліп көрген жан емен.
Берідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен.
Берілі найза ұстаса,
Түйремей кеткен жан емен.
Берілі байрақ құласа,
Күйремей кеткен жан емен.
Бері басы – ұраным,
Берілі менің байрағым.
Берілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым...

Осындағы бері сөзінің орнына қазақ сөзін қойып оқып көріңізші. Ештеңе өзгермейді!

Осы үш шумақтың өзі қазақ пен қасқырдың бір тамырдан өріс алатынын айғақтайтын, ғасырлар тоғысында қалып қоймай бүгінгі күнге жеткен бағасыз жолдар. Осы үш шумақтан қасқырдың бүкіл болмысын тануға болады. Осы үш шумақтан қазақ баласының болмысын көресіз.

Қасқыр жөніндегі мифологиялық, діни, тұрмыстық әпсаналарды бір мақалаға сыйдыру мүмкін де емес болар. Тек айтармыз мұндай әпсана барша халықта бар. Бірде ол жауыздықтың, аярлықтың, тойымсыздықтың нышаны ретінде көрінсе, екіншісінде ол табандылықтың, адалдықтың, еркіндіктің нышаны ретінде көрінеді.

Қасқыр осылайша екі болмыстық сипатқа ие болғанымен, түркі жұрты оны қашанда бір-ақ сипатта көріп келеді. Ол түркі жұрты үшін еркіндіктің нышаны!

Түркі жұрты өзінің түп тамырын осы қасқырдан өрбітеді. Мифологиялық Ашшаны осылайша біздің өмірімізге жақындастырып қояды.

Ашшанымыз – қасқырдың құртқасы. Тіліміздегі шулан қасқырдың ұрғашысы деген сөз. Монғолдар шоно дейді. Бізге ең жақын деген халықтардың бірі – қырғыздар өздерін бұғыдан таратады. Қазақ болса өздерін қасқырдың ұрпағымыз деп біледі. Бабаларымыз бізге солай деп кеткен, енді бұл сөзді біз де балаларымызға айтып отырмыз.

Қалай десек те қасқырдың қосболмыстық сипатының ізі біздің де наным-түсінігімізде айқайлап тұрмаса да жеткілікті. Соның ең бастысы – қасқырды жаманауыз дейтініміз. Оны жаманауыз дейтіндей бабаларымыз одан не теперіш көрді екен деп еріксіз ойланасыз. Осы сәт осы қатардағы қасқыр басын кеміте түсетін басқа сөз оралымдары еске түседі. Ит-құс деп айтатынымыз бар. Жойдасын деп айтатынымыз бар. Ұлыма деп айтатынымыз бар. Қырыпсал деп айтатынымыз бар...

Соның ішінде өзін қасқырдан өрбітетін қазақ баласына осы жаманауыз сөзі ауыр тиеді. Соншама не істеп қойды екен біздің қасқыр бабаларымыз?

Түк те. Оның табиғаты солай. Оның ауызы жаман. Оның ауызы таза емес. Қаншама әлпештегенімізбен қасқырға жақын тұрған итімізде де тазалық жоқ. Басқаша болғанда мысықпен бірге ит те төрімізге озатын еді ғой.


Бұл жөнінде өркениет жұрты не дейді деген сауал еріксіз көлденеңдейді. Олар бірауыздан біздің бабаларымыздың сөзін бекітіп береді. Олар қасқырды санитар деп біледі. Орман санитары десе олар бірден орман қасқыры деп түсінеді. Осыған байланысты көпшілік жұрт қасқырдың көбеюіне мүдделі.

Оның мысалын әріге бармай-ақ АҚШ-тағы Йеллоустоун ұлттық бағынан көруге болады. Олар көресінді осылардан-ақ көрдік ғой деп өткен ғасырдың отызшы жылдарында қасқыр біткенді қырып, тігерге тұяқ қалдырмайды. Оның арты осы бақтағы тұз тағыларының ауру-сырқаушылығына соқтырады.

Әрине, адамнан табиғат ақылдырақ. Жоғалған қасқырдың орнын шибөрілер басады. Алайда олардың қауқары белгілі. Олар бизондарды ала алмайды. Содан араға алпыс жыл салып баққа қайтадан қасқыр жібереді. Сөйткен жаманауыздарымыз жағдайды сол жаман ауыздарымен сауықтырып береді.

Жаманауыз деп қазақ тегін айтпаса керек-ті. Жаманауыз деп елді сақтандырып тұр. Қасқырдың аузы тиген жер жаман деп тұр.

ҚАСҚЫР – БІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ КОДЫМЫЗ!



Сол бабаларымыз қасқыр малға шапқанда не істеген? Өлгенді тірілте алмағанымен бабаларымыздың қолынан да біраз нәрсе келген. Ал бұл жағдайда мал болмайды деп пышаққа жыққан. Қасқырдың аузы осылайша жаман болған. Алайда басқа жері жаман деген сөз кеше де естілмеген, бүгін де естілмейді.

Ессесіне қасқырды асқақтатушылық қазақ даласына кенінен жайылған. Қасқыр туралы жаман сөз айту көргенсіздікке есептелген. Содан да малын алдырса да бәрін Бір Құдайға тапсырып, бәлағат сөздеріне бармаған.

Қазақтың қасқыр тектілігін бір-ақ мысалдан көруге болады. Қазақ баласы ешқашанда біреудің еркіндігіне қол сұқпаған. Қай мақұлақаттың болсын бас еркіндігін табиғатынан деп, болмысы деп қабылдаған. Қазақ баласы ешқашанда тұз тағысын асырамаған. Оның ішінде ешқашанда қасқыр асырамаған. Қасқырдың еркіндігін бәрінен де жоғары қойған. Қасқыр асыраған жандардың бәрін «әй, кәпірге» шығарған. Қазақ назаланғанда «ит екен» деген, сүйсінгенде «қасқыр екен» деген!

Қасқыр елдік нышанға ие болған. Түркі жұрты оны байрақтарына шығарған. Қасқыр бейнелі елтаңбалы жұрттар да бар. Бұл жағынан біздер ұлтты болып тұрмыз. Өйтпесе, біздің де қасқырды мемлекеттік нышандарымыздың біріне айналдыруымызға әбден болатын еді.

Қасқыр мен қазақтың табиғаты бір дегенге сеніңіз! Қасқыр жаманшылыққа барғанымен өзіне келгенде бәрінен тыйылған. Хайуанаттық, мақұлықтық нәпсісінен жержары тұрған. Ешуақытта бір-біріне қастандық жасамаған. Ешуақытта бірін-бірі тастап кетпеген. Бір-ақ рет жұп құрған. Қашанда қорегімен бөліскен. Қарақұлақтарын әуек болып тәрбиелеп, асыраған. Аң қағуға жарамағандардың әуек есебінен өз үлестері болған.

Енді осының барлығын қазаққа қарап айтыңызшы. Еш қателеспейсіз! Біздің түбіміз бір дейтініміз осыдан! Басқаларды білмеймін, ал қазақ дегенде менің есімде міндетті түрде қасқыр тұрады.

Жақсы көрейік, жаман көрейік қазақты бүгінгі күнге жеткізген оның рушылдығы. Қазақ баласы руына адал болды. Және керісінше рулық қоғам оның қорғанышы болды. Рудың ұжымдық жауапкершілігі болды. «У ішсең руыңмен» деген сөз содан қалған.

Қасқыр да солай. Онда да әуектік жауапкершілік бар. Олардың бірі талауға түсіп жатқанда қалғандары қарап тұрмайды. Жараланып қалғандай біреулері болса, оларын майдан даласында тастап кетпеген. Кәрі-құртандарын шет шығармай арқалап жүріп асыраған.

Қаны, гені бойынша қазақ ең таза халықтардың бірі. Қазақ жұртының жеті атасынан беріде қыз алыспайтынын екінің бірі біледі.

Қасқыр да солай. Қасқыр да ешқашанда өзінің қарындастарымен (бір қарыннан шыққандармен) жұп құрмайды. Тағы бола тұрып өзі туған қабынан, өзі

тудырған қабынан алыс тұрады. Қасқырдың және бір тектілігі ешқашанда құтын бермеген! Және ешқашанда басқаның құтын қабына құйып алмаған!

Осыған орай олардың құтын Тәңірқұт деп аспандатқан! Бұл миға сыймайтын нәрсе! Барлық жаратылыста ешқандай ырыққа көнбейтін үш ұстын бар.

Оның бастысы – қарын қамы! Екіншісі – қорғанышта болуы, өзін өзі қорғай алуы! Үшіншісі – көбеюі!

Осы үш ұстыннан сырт тұрған екі жаратылыс бар. Оның бірі – қасқыр! Екіншісі – қазақ! Бұрынғы бабаларымыз тура солай болған! Өкініштісі бүгінгі қазақ баласы олай айта алмайды!

Басқа басқа, біздің бабаларымыз құтын ең жақын деген ұлысымыз қырғыздарға да бермеген! Оның мысалына Ер Наурызбайды айтсақ болады! Оның мысалына ұлт көсемі Әлихан бабамызды айтуға болады! Бұл жағынан қасқыр мен қазақ дәтті. Қасқыр да өзіне деген ең жақыны – ит баласына құтын бермеген!

Қазір ұлттық код жөнінде көп айтылып жүр. Көпшілікке жаңа аңсар ретінде ұсынылып жүр. Өкініштісі сол жаңа концепциямыз құр желбуаз сөз болып қалып барады. Керек десеңіз айтып отырған қасқырымыз ұлттық код ретінде қаралмаған да!

Қазақтың ұлттық кодына кіруге тиіс үш жаратылыс бар! Соның біреуі ғана ұлттық кодымыз ретінде мойындалып отыр. Онымыз – жылқы жарықтық! Оның өзінде жарым-жартылай. Оның өзінде мүгедектікті басына жазып қойдық.

Ұлттық кодымыз болғандықтан міндетті түрде ол біздің ұлттық рәміздерімізден ойып тұрып өз орындарын алулары керек еді. Ұлттық кодымыз деп мойындалған жылқы жарықтығымыздың бейнесін тек Елтаңбамыздан ғана көреміз. Елбайрағымызда ондай бейненің көлеңкесі де жоқ. Қасқыр деген бір ауыз сөз Елұранымызда да айтылмайды. Бұл ұлттық кодымыздан бас тарту деген сөз!

Бұл қазақ қазақтығынан жеріп отыр деген сөз! Бұлай жүре берсек ендігі қазақ баласы қазақ болып қалуға ұмтылмайды деген сөз!

Біздің қоғам қазір біздің өскелең ұрпағымызды соған итермелеп отыр. «Астарлы ақиқат» деген бір телехабар бар. Көрген адам жерге қарайды. Құтына ие бола алмай жүрген бауырларымызды көреміз...

Қазақтың ендігі бір коды... Он ойласаңыз таппайсыз...Қойы! Кәдімгі қойымыздың да жылқы жарықтықтың жанынан өз орынын алуға әбден құқылы.

Қазақ баласының денсаулығына денсаулықты қосқан осы қой жарықтық! Қой – қазақтың дәріханасы! Бүгінгі қазақ баласы оны ет (тамақ) деп біледі! Кешегі бабаларымыз оны дәрі, дәрумен деп білген! Кешегі бабаларымыз бүгінгідей кәрі-құртандарды талғау қылмаған. Қазақ баласының қой жөніндегі пәлсапасын бір-ақ сөзбен беруге болады.

Еркек тоқты – құрмалдық... Мұнан өткен пәлсапа болмас! Бұл не деген сөз? Қой етін же деген сөз! Соя же деген сөз! Тоқты жасынан асырма деген сөз! «Қой же» деп айтты екен деп ұрғашы тоқтыны жеп қойма деп тұр! Олай болған жағдайда таяқ ұстап қалуымыз әбден мүмкін!

Осы жерде бір шегініс жасаудың реті кеп тұр. Өлі күнге дейін жана ғана сойылған еттің атауын таппай келеміз. Орыс жұрты «свежее мясо» деп ұрады. Бұлар өздеріне жарасады. Бізге де жарасады. Алайда соның дұрыс атауын таппай жүріміз. Тіпті «балғын ет» деп жүрген де жайымыз бар. Олай болса «свежее мя-соны» аударып, қотарып әуре болмай-ақ қоялық. Өз сөзімізбен айталық. Соя ет десек бәрі түсіне қалады.

Есті қазақ сондықтан да марка жеген. Онысын түнемелікке шығармаған, ертеңіне қалдырмаған! Ондай жағдай болмаған жайда қой етін қақтаған! Қой жарықтық та талай елдің ұлттық рәміздерінде тұр. Тек бізде ғана жоқ!

Ұлттық рәміздерімізден өз орнын алуға таласы бар тағы бір мақұлықатымыз – қасқырымыз! Оған да қойдың кебі кігізілген. Ол жарықтық бәрінен де әбден мақұрым қалған. Олай болса қазақ руханиятында ойланатын жағдайлар баршылық болып шығады. Бұған кешендік көзқарас керек!

Бір сөзбен айтқанда мұның бәріне кешегі қазақтың көзімен қарау керек! Сонда ғана жаһандық көштің соңында салпаңдап жүрмейтін боламыз!

(Жалғасы бар).

АҚПАРАТ АРНАСЫ

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ: СҰЙЫТЫЛҒАН ГАЗДЫҢ 6 ЖЕТКІЗУШІСІНЕ ҚАТЫСТЫ ТЕРГЕУ АЯҚТАЛДЫ

Мемлекет басшысының баспасөз хатшысы Берік Уәли Президенттің 2022 жылғы 5 қаңтардағы елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуал мәселелері жөніндегі кеңесте берген тапсырмасының қалай орындалғанын жазды.

«Бас прокуратураға Бәсекелестікті қорғау агенттігімен бірлесіп, бағалық сөз байласу мен өзге де бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттерге қатысты тергеу жүргізуді тапсырамын», – деп тапсырма берген еді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Осылайша, сұйытылған мұнай газын жеткізуші алты ірі көтерме сауда компаниясына қатысты тергеп-тексеру жұмыстары аяқталды. Сұйытылған мұнай газын сатушылар үстемдік жағдайын пайдалана отырып, ең жоғары бағаны белгілеуді көздегені анықталды. «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС-не әкімшілік айыппұл салу туралы сот шешімі шығарылды (шешім күшіне енген жоқ). «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ мен «СП Қазгермұнай» ЖШС-не қатысты әкімшілік іс қозғалды және сотқа берілді. «Petrosun» ЖШС мен «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС-не қатысты қылмыстық іс қозғалып, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ға қатысты іс материалдары Қаржылық мониторинг агенттігіне берілді. «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС іс-әрекеттерінде сұйытылған мұнай газын сату кезінде негізсіз қысқарту фактілері анықталды. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізетін 193 субъектіге қатысты, оның 89-на Бас прокуратурамен бірлесіп, тергеп-тексеру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Нарықтағы 65 субъектінің ісінде келісілген әрекеттер және картельдік сөз байласу фактілері анықталды. Ал 45 субъектіге қатысты әкімшілік іс қозғалып, материалдар сотқа жіберілді. Салынған әкімшілік жазалардың жалпы сомасы – 92 миллион теңге.

Жаңа облыстарға бюджет қалай бөлінеді? МИНИСТР ЖАУАБЫ

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров өңірлерді бөлу кезінде бюджет пен мемлекеттік аппарат қалай қаралатынын айтты, – деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі.

Министрдің айтуынша, қазір комиссия жұмыс істеп жатыр, жаңа аймақтардың шекарасы мен халық саны нақтыланғаннан кейін өңірлер бюджеті анықталады. Бұл ретте бұрыннан бар аймақтар бюджеті қысқарады, – деді ол.

«Міндетті түрде қысқарады, өйткені олардың бюджеті мен штаты қайта бөлінеді. Егер ол жерде шартты түрде жұмысшылардың 30 немесе 40 пайызы жаңа өңірге, мысалы, Ұлытауға кетсе, тиісінше, бюджеттің шамамен 30-40 пайызы сол жерге кетуі керек. Яғни, қайта бөлінеді. Әрине, бар бюджетті қолдану құптарлық болар еді, бірақ қосымша бюджет қаражатын қажет етуі мүмкін», – деді Қуантыров Үкімет отырысынан кейін журналистер сұрағына жауап беріп.

Қуантыров жаңа өңірлерге байланысты мемлекеттік аппарат штатын арттыру жоспарланбағанын айтты.

«Әрине, ол мемлекеттік қызметкерлердің штаттық саны шегінен артық болмайды. Мысалы, жаңа айтқанымдай 30-40 пайыз. Бірақ, жеткіліксіз болса, бұл мәселе арқы қарай қарастырылады. Мұнда тек әкімдік қызметкерлері ғана емес, аумақтық бөлімшелері бар орталық мемлекеттік органдар да бар. Мысалы, Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті, Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті сияқты. Мұндай комитеттер көп, олардың аумақтық бөлімшелері бар. Оларды да бөлу керек. Өйткені, жаңа облыстар мен аудандардың өз қазынасы, мемлекет кірісі, т.б. бар. Яғни, бұл мәселе өте күрделі», – деп қосты министр.

Kazinform, Tengrinews



Ораза қабыл болсын!

Мұсылман қауымы үшін жылдың ең қасиетті әрі ерекше айы – Рамазан айы. Биылғы жылы Рамазан айы сәуірдің 2-нен бастау алады. Ғұламалардың жеткізуі бойынша Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзінің сүйікті сахабаларын Рамазан айының келуімен құттықтайтын. Қасиетті айға қадам басқан, бариша мұсылман халқын және арнайы түрде Жезқазған өлкесінің тұрғындарын Рамазан айының келуімен құттықтаймын. Расында бұл ай мүмін-мұсылмандардың жыл сайын асыға күтетін қасиетті айы. Осы айға аман-есен, сау-саламатта жеткеніміз үшін Алла Тағалаға сансыз шүкірлер айтуымыз керек!

ҚОШ КЕЛДІҢ, РАМАЗАН!

Рамазан айы барлық айлардың сұлтаны. Басқа айлармен салыстыра қарағанда бұл айда мүміндерге ерекше мол сауап беріледі. «Рамазан айында Адам баласының барлық амалының сауабы оннан жеті жүз есеге дейін еселеніп беріледі» – деп сүйіншіледі Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) және Ол: «Рамазан келгенде жұмақтың қақпалары ашылып, тозақтың қақпалары жабылады, әрі шайтан атаулының бәрі кісенделеді» – деген («Сахихұл-Бухари»). Тағы бір сөзінде Расуллулла (с.ғ.с.): «Рамазан айында шын иман келтіріп және сауабынан үміттеніп ораза ұстаған адамның бұрын істеген күнәлары кешіріледі» («Сахихұл-Бухари») деген. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Егер адам баласы рамазан айының не екенін лайықты түрде түсіне білсе, бір жылдың бастан-аяқ Рамазан болуын қалар еді», – деген. Иә, осындай нығметтер жасырынған айдың қадірін біліп, әрбір сәтінен құр қалмау үшін мүмін барын салуы тиіс. Ол үшін ең бірінші Оразаны қалай дұрыс өткізу керектігін білу керек. Оразаға қатысты сұрақтарды Мешітіміздегі имамдардан, білікті ұстаздардан біле аласыздар. Мешітіміз және сауат ашу курсы осы қасиетті ай құрметіне демалыссыз жұмыс жасайтын болады.



деу арқылы ең әуелі адам баласы тілін түзеп алуы керектігін айтқан.

Құрметті қазақ халқы осы қасиетті Рамазан айында басқа адамның намысына тиетін боқауыз-былапыт сөзді доғару керек! Екінші үндеуіміз Ораза айында күндіз Құдайы ас беруді доғару керек. Құдайы асты кешкі ауызашар уақытына ауыстырған жөн болады. Марқұмның атынан берілген ауызашардың сауабы өте мол, ал Ораза күні күндізгі уақытта Құдайы ас беру дұрыс емес. Имамдарды және аузы берік жандарды күндізгі уақытта «Құдайы асқа келіп, Құран оқып, дұға етіп кетіңіздер», – деп әуреге салу мұсылмандыққа жатпайды.

Үшінші айтарымыз осы жыл пітір садақа адам басына бес жүз теңге болып белгіленді. Бірі білсе бірі белмес шариятта пітір садақа үш түрлі асқа қарап мөлшерленеді. Олар бидай, мейіз және құрма. Муфтияттың белгілегені бидай мөлшері. Жағдайы жеткен бай адам пітір садақаны адам басына мейіз (4990 теңге) немесе құрма (9135 теңге)

бағасымен берсе сауабы молырақ болатыны сөзсіз.

Әлеуметтік желілерде жас балаларға, әйелдерге ораза ұстауға болмайды деген сөз тарап жүр. Таралған сөзге қарасақ Пайғамбар 40 жасында пайғамбар болған сондықтан парыз амалдарды 40 жаста бастау керекті-мыс. Бұл сөз негізсіз. Пайғамбарымыздың өзі және күллі Ислам ғалымдары парыз амалдар балиғат жасқа толғаннан бастап орындалуы керек деген. Оразаға немесе дінге қатысты жалған сөзді таратып жүргендерге: білімсіз сөзбен дінді бұрмаламаңыздар, ел арасында түсініспеушілікке себеп болмаңыз! – деп ескерту айтамыз.

Жаратқан Ие иманымызда шыншыл, дінимізде берік болуды нәсіп етсін. Алла Тағала Рамазан айын баршамызға берекелі етсін!

Нұрперзент ОМАРОВ,
Жезқазған қаласы
Ахмет ишан Оразайұлы атындағы
мешіттің бас имамы.

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ОРАЗА КЕСТЕСІ

Сәуір-Мамыр айлары	Апта күндері	Сәресі ішу осы уақытқа 10 мин қалғанда тоқтатылады	Ауызашар уақыты
2 сәуір	Сенбі	05:38	20:03
3 сәуір	Жексенбі	05:36	20:05
4 сәуір	Дүйсенбі	05:34	20:06
5 сәуір	Сейсенбі	05:31	20:07
6 сәуір	Сәрсенбі	05:29	20:09
7 сәуір	Бейсенбі	05:27	20:10
8 сәуір	Жұма	05:24	20:12
9 сәуір	Сенбі	05:22	20:13
10 сәуір	Жексенбі	05:20	20:15
11 сәуір	Дүйсенбі	05:17	20:16
12 сәуір	Сейсенбі	05:15	20:17
13 сәуір	Сәрсенбі	05:13	20:19
14 сәуір	Бейсенбі	05:10	20:20
15 сәуір	Жұма	05:08	20:22
16 сәуір	Сенбі	05:06	20:23
17 сәуір	Жексенбі	05:03	20:25
18 сәуір	Дүйсенбі	05:01	20:26
19 сәуір	Сейсенбі	04:58	20:27
20 сәуір	Сәрсенбі	04:56	20:29
21 сәуір	Бейсенбі	04:54	20:30
22 сәуір	Жұма	04:51	20:32
23 сәуір	Сенбі	04:49	20:33
24 сәуір	Жексенбі	04:47	20:34
25 сәуір	Дүйсенбі	04:44	20:36
26 сәуір	Сейсенбі	04:42	20:37
27 сәуір	Сәрсенбі	04:40	20:39
28 сәуір	Бейсенбі	04:37	20:40
29 сәуір	Жұма	04:35	20:41
30 сәуір	Сенбі	04:33	20:43
1 мамыр	Жексенбі	04:30	20:44

- 2 сәуір – Рамазан айының бірінші күні.
- Сәуір айының 27-нен 28-не қараған түн – Қасиетті Қадір түні.
- Пітір садақасы жан басына 500 теңге деп белгіленді.
- 2 мамыр – Ораза айт күні

АУЫЗ БЕКІТЕРДЕГІ НИЕТ:

«Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн-батқанға дейін Рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім».

АУЫЗАШАР ДҰҒАСЫ:

«Аллаһым! Сенің разалығың үшін ораза ұстадым. Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім. Сен берген ризықпен ауыз аштым. Ва, Кешірімді Алла! Менің алдыңғы және соңғы күнә-кеміліктерімді кешір!»

ОРАЗАНЫ БҰЗАТЫН ЖӘНЕ БҰЗБАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР

ОРАЗАНЫ НЕ БҰЗБАЙДЫ?

1. Ұмыттып ішіп-жеу оразаны бұзбайды. Бірақ ұмытқан адам есіне түскен кезде жеуді дереу тоқтатуы керек;
2. Ұйқыдан жүніп болып ояну;
3. Түнде жүніп болып, ғұсыл алуды сәресі уақытынан кейінге қалдыру;
4. Аузына келген қақырықты жұту;
5. Түкірік немесе мұрынды тарту арқылы бір нәрсенің тамаққа кетуі;
6. Құлаққа су кіру, бұлық ағу;
7. Темекі түтіні немесе топырақ, шаң, ұнның тозаңы, қардың ұшқыны, жауынның тамшылары тамаққа еріксіз кірсе, ораза бұзылмайды;
8. Тістердің арасында қалған тамақ қалдықтары ноқаттан кішкене болса, оны жұту оразаны бұзбайды;
9. Еріксіз ауыз толы құсу немесе оның ішке қайта кетуі оразаны бұзбайды;
10. Қан алдыру немесе сүлік салдыру;
11. Көзге дәрі тамызу;
12. Мисуак немесе тіс пастасын қолдану оразаны бұзбайды. Бірақ паста ішке кетіп қалса бұзылады. Ең абзалы таң намазы кірмей тұрып тістерді жуу;
13. Тіс жұлдыру оразаға кедергі жасамайды. Бірақ жұлдырған уақытта ауыздағы қанды яки дәріні жұтпау шарт;
14. Ауыз бен мұрынға су алып шайқау оразаны бұзбайды. Бірақ тамаққа кетпеуін қадағалау қажет;
15. Душқа жуыну, теңізге, көлге түсу оразаны бұзбайды. Бірақ су жұтып қоюдан сақтануы керек.

ОРАЗАНЫ НЕ БҰЗАДЫ?

- Әдейі бір нәрсені жеп-ішу;
- Темекі шегу, насыбай ату, дәрі ішу, құрамында нәрлі заттары бар укол қабылдау;
- Ауыздағы жаңбыр тамшыларын әдейі жұту; Бұл жайлы мына хадисте айтылған: «Ораза кірген нәрселерден ғана бұзылады, шыққаннан емес».
- Әйелімен жақындасу (яғни, таң намазынан ақшам намазына дейін жақындасу оразаны бұзады);
- Себеппіз қорек немесе қоректік қасиеті бар барлық заттарды біле тұра әдейілеп жеу оразаны бұзады;
- Мұндай жағдайларда каффарат оразасын ұстау қажет. (Каффарат деп – рамазан айының оразасын себеппізден-себеппіз біле тұра бұзып жіберсе, екі ай ораза ұстауды, оған шамасы келмесе алпыс кедейді тамақтандырып, тойғызуды айтады).

ОРАЗАНЫ КІМДЕРГЕ ҰСТАМАУҒА РҰҚСАТ?

- Жолаушылық; (сапарда ауыз бекітпеуге болады, бірақ басқа күндерде санын толтырып ораза ұстайды).
- Жүктілік пен бала емізу; (егер денсаулығы мен баласына зиян келуден қорықса ораза ұстамай кейін қазасын өтесе болады).
- Ауру-сырқау; (сенімді дәрігер ораза денсаулығына зиян тигізетінін жан-жақты анықтап барып айтса, жазылған соң ұстауға болады).
- Кәрілік; (қартайып оразаны денсаулығы көтермейтін кісілер бір кедейдің таңғы және кешкі асын беріп тойдырады. Оған шамасы келмесе тәубе етеді).
- Хайыз (етеккір) бен нифас; (бір әйел ораза кезінде етеккір көрсе немесе босанса ораза бұзылады. Мұндай жағдайда тоқтаған соң қазасын өтейді).





Ақ әжем – алтын қазынам

Әже! Осы үш әріпті асыл сөзде қаншама мағына бар десеңізші?! Әже – асыл қасиет, әже – қастерлі ұғым. Олай болса қазақ отбасындағы әженің орны ерекше, әрі қадірлі. Әже – отбасының гана емес, әулеттің де ұйытқысы, ағайын-абысындардың бірлігін, татулығын сақтайтын сыйлы анасы, кейінгі жастардың, келіндердің тәрбиешісі әрі ақылгөйі.

Қазақ қоғамында әдетте жас отау иелерінің тұңғыш баласын әжесі бауырына салады. Бала ата-әженің кенжесі саналып, немерені әжесі тәрбиелеп, бағып-қағады. Әже мен немере арасындағы туыстық байланыс өте нәзік әрі берік. Балажан қазақ үшін ата мен әжеге жас сәби жай ғана ермек емес, тәрбиеленуші ерекше субъект.

Тарихта күллі рулы елге ана болған Айпара әже, Домалак ене, Зере, Айғаным секілді әжелердің бейнесі аңыз-әңгімелерде, әдеби шығармаларда сомдалған. Осындай өзінің өнегесімен көпшілік көңілінен шығып жүрген әжелер бүгінде де бар. Ұлыстың Ұлы күні қарсаңында мектебімізде «Ақ әжем – алтын қазынам!» атты ұстаздар арасында әжелер сайысы өтті.

Жас ұрпақты ата-баба дәстүрімен тәрбиелеу. Әже тәрбиесін үлгі ету. Байқаудың негізгі мақсаты – әжелер айтқан асыл сөзді насихаттау, әрі олардың өнегесін күнделікті өмірде пайдалану. Әжелер өнегесінің ерекшелігін ашу.

Байқауға көп жылдық тәжірибесі бар, жоғарғы санатты ұлағатты ұстаз әжелеріміз қатысты. Наурыз мерекесіне орай өткен байқау тамаша көңіл-күй сыйлады.

Сайыс қортындысы бойынша бас жүлдені биология пәнінің мұғалімі Бекзат Қызылбаева, 1-орын бастауыш сынып мұғалімі Шара Халмурзаева, 2-орын математика пәнінің мұғалімі Күләш Жақсылықова, 3-орын орыс тілі пәнінің мұғалімі Сауле Данияроваға берілді. Сонымен қатар «Шебер әже» номинациясымен орыс тілі пәнінің мұғалімі Сауле Қуанышева және «Өнегелі әже» номинациясымен Райкүл Сәуленбаева және мектеп директоры С. Құлжабаева арнаулы дипломдармен марапатталды.

Осындай мейрімді, сабырлы, қадірлі әжелеріміз көп болғай. Әжелердің ақ тілегі көпшілік үшін әрқашан қабыл болады деп ойлаймыз.

Төлеу ТАЙШЫКОВА.

Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің көрме залында «Дәстүр мен ғұрып» арнайы жобасы аясында, Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай «Қолөнері – сіклемде» атты музей қорында сақталған кілемдер көрмесінің ашылу салтанаты өтті.

Колөнер – халқымыздың ұлттық мұрасы. Оның ішінде кілем тоқу өнері ұрпақтан ұрпаққа ауысып, қадір-қасиетін жоймай, тамырын тереңге жайған бай қазына. Бұл көрмені ұйымдастырудағы басты мақсат – ұлттық колөнер мұраларын өмірге әкелген халық шеберлерінің жұмыстарымен таныстыру, ұлттық колөнерді насихаттау, дәріптеу, тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау және таныту, жылдар бойы музей қорында сақталған кілемдердің тарихымен таныстыру.



«НАУРЫЗЫМ – НҰРЛЫ ЫРЫСЫМ»

САЛТ-ДӘСТҮР ҚОНАҚЖАЙЫ



Дәстүрімізге айналған Ұлыстың Ұлы күніне арналған «Наурызым – нұрлы ырысым» атты салт-дәстүр қонақжайын С. Сейфуллин атындағы кітапхананың мәжіліс залында №2 үлгілі кітапхана-филиалының қызметкерлері ұйымдастырды.

Іс-шараның өтуіне ат салысқан №1, 7, 13, 21 мектеп оқушылары және кітапхананың тұрақты оқырмандары Әділ мен Саркыт Ахметжановтар, Жәніс Арынов ақсақал, Жемісқұл Жүнісова қатысты. Сахна қазақша дәстүрде кереге, бітпес, шапан, түлкі, қамшы, домбыра, бесікпен әсем безендірілді. Қазақтың ұлттық тағамдары ет, қаймақ, ірімшік, сүзбе, наурыз көже, жент, бауырсақ, құрт т.б. қойылған дастархан әзірленді. Қонақтарға шашу шашылып, дастарқан басына шақырылды.

Қатысушылар өз өнерлерін көрсетіп, ән-шашу, би, күй орындады. Жемісқұл ата қазақтың «Бесікке салу» салт-дәстүрін көрсетті.

Іс-шараға қатысқан балаларға Жезқазған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директорының м.а. Е. Нұрмағанбетов алғыс хат пен кітап табыстады. Оқырмандарға да Ж. Наурызбайдың кітабы табысталды. Жәніс ата кеш соңында жиналған қонақтарға бата берді. Қызықты өткен іс-шара «Ата дәстүр» әнімен тәмамдалды.

А. ҚЫДЫРМАНОВА,
№2 үлгілі кітапхана-филиалының менгерушісі.

ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАР КҮШ-ҚУАТ КӨЗІ

Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған әрі қастерлей білген. Жадьмызда жатталып қалған «Ас – адамның арқауы» деген қағида осындай терең ұғымның қалтқысыз түсінігі болып қалыптасқан. Балалардың бойына ұлттық рухты қалыптастыру, халқымыздың ас мәзірі туралы мәлімет беру үшін белгілі этнограф, жазушы С. Кенжеахметұлының «Қазақтың дархан дастарқаны» кітабы бойынша Наурыз мейрамы қарсаңында балалар мен жасөспірімдер кітапханасында «Асыл мұра» үйірмесінің ұйымдастыруымен ұлттық тағамдар жасау байқауы өтті.

Байқауда оқушылар мен студенттер өздері жасаған ұлттық тағамдарын ұсынды.

Ұннан әзірленген бауырсақ, құймақ, қиықша, күлше нан т.б тағамдарды алып келсе, еттен дайындалатын шұжық, қуырдақ, манты, сүттен қымыз, айран, қаймақ, ірімшік, құрт, құртқоже, уыз, сүзбе сияқты ұлттық тағамдарды даярлап, олардың жасалу жолдарын түсіндіріп өтті. Қатысушылар өте жақсы дайындықпен келгендерін көрсетті және ұлттық тағамдардың қалай жетік білетіндіктерін анық дәлелдей білді. Байқау қорытындысында жеңімпаздарға сыйлықтар, алғыс



хаттар табысталды. Осы мерекеге арнайы кітапхана қорындағы ұлтымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын дәріптейтін С. Кенжеахметұлының «Жеті қазына», Б. Хинаяттың «Қазақ халқының ұлттық киімдері», З. Жәкішеваның «Қазақтың

дәстүрлі музыкалық аспаптары», А. Естеновтың «Наурыз тойы» т. б. кітаптарынан слайд жеткізіліп, жиналған қауымға кеңінен насихатталды.

М.ҰРПШ,
кітапхана әдіскері

ДӘСТҮР мен ҒҰРЫП



ағымдағы жылдың 14 ақпан және 17 наурыз аралығында «Ұлттық киім – ұлтымыздың айнасы» атты онлайн-сайыс өткізген болатын. Осы көрменің ашылу салтанатында сайысқа қатысушыларды марапаттау рәсімі өтті. Сайысқа белсене қатысып, ұлттық киімдерді ұлықтап жүрген қатысушылар қатарында Т. Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясының әншісі, Мәдениет саласының үздігі, «Гүл-Гүлдәурен» ән-би ансамблінің жетекшісі Гүлдәурен Жидебаева, «Жар-жар» шоу ән-би ансамблінің жетекшісі Ақбота Еркін, «Қазақмыс» корпорациясы, Оңтүстік кеніші энергетика бөлімінің инженері Мақпал Қарбозова, «Шалқыма» би ансамблінің жетекшісі Мақпал Садықова, «Жан Сарай» той агенттігінің жетекшісі Жансая Оразбекова, Кенгір селолық №5 үлгілі кітапхана филиалы «Өркен» үйірмесінің мүшесі Шырынкүл Рахимбекова, Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны, қазақ тойын, салт-дәстүрін дәріптеуші Гүлден Ахметова, №4 мектебінің ұстазы, көпбалалы ана Ақжарқын Токишова, «Айдай» ән-би ансамблінің жетекшісі Гүлімжан Ержанқызы, Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің қызметкерлері – Майра Толыбек пен Диана Қапбарова бар. Қатысушылардың барлығы демеушілер тарапынан марапатқа ие болды.

Музей басшысы, қалалық мәслихаттың депутаты Раушан Қапарова қатысушыларға музей абонементін тапсырды. Жезқазған қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Гүлзада Шомаева, «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейінің басшысы Нұрлан Қасымбеков, М. Төрегелдин атындағы Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі музейінің басшысы Зейіпін Қазанбаева көрменің лентасын кюро рәсімін жасады.

Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ

Іс-шараға «Ақ әжелер» ансамблінің мүшелері, жергілікті колөнер шеберлері, кәсіпкерлер, мәдениет және өнер саласының қызметкерлері қатысты. Т. Қалмағамбетов атындағы филармонияның әншілері Гүлдәурен Жидебаева мен Ардақ Мұқышев ән шырқап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Ақ әжелер ансамблінің мүшелері жүнді қырқу, түту, сабау, иіру әдістерін таныстырып көрсетті және «Шилі өзен қамыс-ай» әнін орындады.

Ұлттық бірегейлікті сақтауда қанымызға сіңіп, тұрмысымызға айналған салт-дәстүрдің маңызы жоғары. Рухани құндылықтардың ұрпақтан ұрпаққа ауысып, сабақтасуы мәңгілік ел болудың негізгі өзегі. «Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі» демекші, қазақ халқының мақтан тұтатын ұлттық киімдерінің мың бір сырлы әсем үлгілері мәдениетіміздің ұлттық нақыштарына толы. Музей

БІР ЖӘДІГЕР ТАРИХЫ



Белгілі эни-композитор Болат ЕСМҰХАНОВ өнерсүйер қауымға таныс есім. 1947 жылы Қарсақбай поселкесінде туған. Еңбек жолын 1966 жылы Жезқазған құю-механикалық заводында жұмысшы ретінде бастаған. 1960 – 1970 жылдары қазақ эстрадасына жаңа бағытпен жаңаша бағдар берген өнер иесі – «Қаракөз» ансамблінің негізін қалаушы жандардың бірі. Осы ансамбльде жүріп, бірнеше эноер жазды.

Композитордың тұңғыш әні – «Сағыныш» 1963 жылы жарық көрді. Жетпісінші жылдары сазгердің жүрек түпкірінен жарып шыққан әні Тұманбай Молдағалиевтің «Махаббат мұңы» деген өлеңін оқығаннан кейін өмірге жолдама алған еді.

Өнерге құштар жанның есімін республикаға танымал еткен де, жастардың махаббатын, сезімін ұштастырған осы тамаша әні болатын. Болат ағаның жас композитор ретінде халыққа таныла бастаған тұсы да осы кез еді. Әсем әндерімен, әншілік шеберлігімен халықтың ықыласына бөленген композитордың 1974 жылы облыста жаңа құрылған филармонияға әнші ретінде жұмысқа қабылданыуы өнер биігіне шығуына құтты қадам болды. Өз өнерімен

басқа да аймақтарды тамсандырған «Жезкіік» ансамблінің әншісі, әрі гитарада ойнаудың шебері атанған Болат аға бұл кездері халық арасында кең тараған «Асылым», «Сағыныш» әндерінің тұсауын кескен.

Белгілі ақын Бәкір Тәжібаев Жезқазған өңіріне шығармашылық сапармен келгенде Болат ағамыз ақынмен жүздесіп, осы жылдары «Сәнім-ау», «Жалғыз жапырақ» әндерінің шығуына, өнердің қадір-қасиетін танытуға жол ашады. 1988 жылы Жезқазғанда тұңғыш рет жергілікті таланттардың басын қосқан «Байқоңыр дауысы» фестивалі өтті. Осы фестивальде Есмұхановтар отбасы да өнер көрсетіп, «Байқоңыр даусы» фестивалінің лауреаты атанады.

Сазгерлік – тума талант. Та-

лантаймен талайды тамсандырған Болат аға отыздан астам әннің авторы. Ән тек құлақтың құрышына қандыра шырқалатын музыкалық шығарма емес, сонымен қатар, ол жүректі қозғайтын, сезімді тебіренетін, ой-өрісті оятатын өнер туындысы.

Бүгінгі күні Жезқазған тарихи-археологиялық музей қорында әнші, сазгер ҚР Мәдениет қайраткері Болат Есмұхановтың өзі қолданған жеке синтетаторы ЖТМ БИК 25944 номерімен сақтаулы. Аталған заттарды Халықаралық театр сыншылары бірлестігінің мүшесі Бахтияр Тұрсын өткізді.

Ақнұр РАХМЕТОВА,
Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің ғылыми қызметкері.

АЗАМАТТАРДЫ МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ ЖАРИЯ

Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2022 жылдың наурыз – маусымында және қыркүйек – желтоқсанда кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 4 наурыздағы №827 Жарлығы және 2022 жылғы 9 наурыздан бастап Жезқазған қаласы әкімінің Қаулысы негізінде Қорғаныс істері жөніндегі басқармасы 1995-2004 жылдары туған азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шәқыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Көктемгі шақыру компаниясы 2022 жылдың наурыз-маусым аралығында өтеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 36-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті.

Мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын және шақырудан кейінге қалдырылуы жоқ әскерге шақыру жасындағы азаматтар шақыру қағазын алып, көрсетілген күндер мен сағаттарда Әміралин көшесі, 26 мекенжайында орналасқан Жезқазған қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасының шақыру пунктіне келуге немесе СМС хабарлама алғаннан кейін келуге міндетті. Жезқазған қаласының аумағына 3 айдан астам мерзімге уақытша келген, мерзімді әскери қызметке шақыруға жататын әскерге шақыру жасындағы азаматтар әскери есепке алу қағидаларына сәйкес тіркелген күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде ХҚКО-ға немесе «Еgov» порталына әскери есепке қою туралы өтінішпен жүгінуге міндетті. Жезқазған қаласының аумағында 3 айдан аз тұрған әскерге шақыру жасындағы азаматтар тұрғылықты жері бойынша кетіп, шақыру қағазын немесе СМС хабарлама ала отырып, әскери есепте тұрған жері бойынша әскерге шақыру пункттеріне келу ұсынылады.

Жезқазған қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасының күн тәртібі бойынша шақыру комиссиясынан өту үшін шақыру пунктіне келмеген немесе шақыру комиссиясына келуден дәлелді себепсіз жалтарған әскерге шақыру жасындағы азаматтар қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылатын болады.

ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі

647-бап. Азаматтардың әскери есепке алу жөніндегі міндеттерді орындамауы

Әскери есепте тұрған немесе тұруға міндетті азаматтың жергілікті әскери басқару органының шақыруы бойынша көрсетілген мерзімде дәлелді себепсіз келмеуі не елді мекенге (әкімшілік ауданға) тұрақты тұрғылықты жерге немесе уақытша (үш айдан астам мерзімге) тұруға келуі, сондай-ақ қызметтік іссапарларға, оқуға, демалысқа немесе емделуге (үш айдан астам мерзімге) келіп, келген жері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына жеті жұмыс күні ішінде әскери есепке қою туралы өтінішпен жүгінуге міндетті азаматтың белгіленген мерзімде дәлелді себептерсіз келмеуі – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

648-бап. Медициналық тексеріледен немесе жиындардан жалтару

1. Азаматтарды әскери есепке қою жөнінде-



гі комиссияның немесе әскерге шақыру комиссиясының жолдамасы бойынша медициналық куәландырудан не тексерілуден жалтару әскери міндеттілерге бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ал әскерге шақырылушыларға әскерту жасауға не үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Әскери міндеттілердің әскери жиындардан жалтаруы бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.

387-бап. Әскери қызметтен жалтару

1. Әскери қызметтен босатуға заңды негіздер болмаған кезде осы қызметке шақырылудан жалтару – бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

- өзінің денсаулығына зиян келтіру арқылы;
- аурумын деп жалған сылтаурату жолымен;
- жалған құжат жасау немесе өзге де алдау арқылы жасалған дәл сол іс-әрекет – үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

ЕСКЕРТПЕ: Егер әскерге шақырылушы тергеп-тексеру органы істі сотқа бергенге дейін әскерге шақыру пунктіне өз еркімен келсе, ол қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

А. ТУСУПБЕКОВ,
Жезқазған қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы бастығы, полковник.



Аристотель этиканың басты міндеті адам қарым-қатынасын олардың ең жетілдірілген түрінде зерттеу деп санайды. «Қоғамдық адам», «қарым-қатынас жасаушы адам» мінез-құлқын талдайтын «практикалық өмір философиясы» ретінде әрекет ете бастады. Этика – тәртіпті сақтау ережелері. Ол қоғамда белгілі бір нормаларға сай өмір сүретін қағидалардың жалпы жиынтығы. Ал бұл нормалар адамдардың мораль және адамгершілік қасиеттерінің болуымен тығыз байланысты.

ЭТИКА ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Мемлекеттік қызметті атқару қоғам мен мемлекет тарапынан білдірілген ерекше сенім болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің адамгершілігіне, этикасы мен моральдық бейнесіне жоғары талаптар қояды.

Мемлекеттік қызмет этикасы қызметшілердің кәсіптік қызметін орындауда онтайлы көзқарасты көрсететін адамдық қарым-қатынастардың кәсіптік тәртіп кодексінің бір түрі ретінде, сонымен қатар бұл кәсіптің мәдени-ігілік бағытын түсіндіретін әлеуметтік – философиялық пән болып табылады. Мемлекеттік қызметші үшін өзіне шектен тыс сенімді болу, қызметтестеріне, бағыныштылары мен келушілерге шидамсыздық көрсету – үлкен қателік. Мемлекеттік қызметшінің ақиқат шыншыл болуы – оның маңызды моральдық қасиеті болып табылады. Ол екіжүзділікке,

өтірік айтуға, ырғақтарды жеке мақсаты, мансабы үшін өзгеше сипатта қарауға, түсінуге қарсы. Мемлекеттік қызметшіге, өзге мамандық иелеріне қарағанда тәкаппарлық типі де жараспайды. Қоғамдық пікірді есепке ала отырып, өз-өзіне жоғары талап қоя білу мемлекеттік қызметшінің өзін-өзі ұдайы жетілдіруіне ғана емес, өзгелерден сондай жетілуді талап ету болып табылады. Талап қойып, сұрай білу де – мемлекеттік қызметшінің кәсіптік имиджінің моральдық кодексі талаптарының бірі. Талап ету – сенім білдірумен, сыйлаумен сабақтасып жатуы қажет. Мемлекеттік қызметшіге қажет бір қасиет – тыңдай білу. Белсенді тыңдай отырып, мәселе бойынша орынды сұрақтар қоя білу – адамның көзін жеткізудің маңызды бір бөлігі. Бірлесіп жұмыс істеу барысында және мемлекеттік қызметкердің этикасын ұстаған

жағдайда ғана біз осындай биік дәрежеде көріне аламыз.

Мемлекеттік қызметшілердің этикасы – әрбір азаматтың, әрбір заңгердің құқыққа деген көзқарасын, мінез құлқын қарастыратын ғылым. Этика негізінен мемлекеттік қызметшінің өздерінің қызметіне деген жауапкершілігін әділдік жолында барынша қалыптастырады. Әрбір мемлекеттік қызметшіде өз қызметіне байланысты қоғамдық жоғары құқықтық білім, мәдениет, құқықтық сана, адамгершілік сезім, сондай-ақ Отанға деген шыншыл сүйіспеншілік болуы қажет.

Р. ОРАЛБАЕВ,
Жезқазған қаласының ауданаралық сот актілері орындау жөніндегі аумақтық бөлімі филиалының басшысы.



ҮШТІЛДІЛІКТІ ДАМУТҒА АРНАЛҒАН «ҮЗДІК МАҚАЛАЛАР САЙЫСЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, қала тұрғындарының тіл мәдениетін көтеру мақсатында сәуір-қазан аралығында үштілділікті дамытуға арналған «Үздік мақалалар» байқауын өткізеді. Мақаланың өлшемі – А4 форматы қағазында 14 қаріп, 1,0 аралық, 1 парақтан аспауы керек.

Қатысушы мақаланың электронды нұсқасын tdler.kz@mail.ru электронды поштасына жіберуі тиіс.


Анықтама телефондары: **87001309050**

Жеңімпаздар мен қатысушыларға дипломдар мен сыйлықтар табысталады.



СӨЗЖҰМБАҚ

Құрастырған: Айтжан ӨТЖАНҰЛЫ.



ТІГІНЕН:

1. Қол өлшемі. 2. Тайқазан құрамындағы элемент. 3. Күдік, секем (син). 4. Белдіктің түрі. 5. Рябина (каз). 6. Газет, журнал сатып алу. 7. Сұйық шоколад. 8. Бүркіттің ортанғы саусағы. 9. Бұғанасыз хайуан. 10. Улы сұйық металл. 11. Дін парыз. 12. Теңіз тышқаны. 13. Жусанның түрі. 14. Құжат түрі. 15. Жардың құлама жиегі. 16. Малды байлайтын жер. 17. Сегізінші ай. 18. Ұлттық сусын. 19. Ақпарат құралы. 20. Күн шығатын тұс. 21. Өткен уақиғалар туралы ғылым. 22. Қим?Не? Қашан?Неге? 23. Мәңгі от, алау, от (син). 24. Жазушының еңбегі. 25. Қиял, мақсат, тілек (син). 26. Ілші қуыс өсімдік. 27. Таза кара түсті жылқы. 28. Ең жүйрік тазы. 29. Үнділік жаяу таксист. 30. Малды түгендеу, есептеу. 31. Ұстатпайтын мал. 32. Ас бөлме ыдысы. 33. Бастың бөлігі. 34. Жын-перілер әлемі. 35. Сарбаздар тобы. 36. Зенгір, шексіз кеңістік. 37. Тыраулайтын құс. 38. Мүсепір адам. 39. Жарыс, бәсеке, спорт (син). 40. Атақты барлаушы. 41. Геракл алысқан жылан. 42. Тігіншінің құралы. 43. Өзеннің қатпайтын тұсы. 44. АН-22 самолеті. 45. Телераф шифрлі. 46. Құлқын-пейіл, құштарлық. 47. АҚШ президентінің бірі

КӨЛДЕНЕҢНЕН:

7. Қыздың өріген шашы. 8. 13, 25, 37, 49, 61, 73, 85 жас. 9. Сталиннің көмекшісі. 10. Бұлдыр, көмескі көрініс. 11. Сейфуллин есімі. 12. Мемлекет бөлімі. 13. Космонавт қайда ұшады? 14. Алты аяқты насеком. 15. Таңғы мезгіл. 21. Валютаның бірі. 22. Батыс Қазақстан облысы. 24. Шоқылдан аласалау түрі. 26. Ашу, ыз, кек (син). 28. Қанттың түрі. 29. Келемеж, әжуа (син). 30. Торғай әрі процент (каз). 31. Тарихи өңір. 33. НДС деген не? 35. Құлықтың бөлігі. 37. Сырғаның түрі. 40. Тозақ. 41. Сүйіншінің орын. 42. Детектив кино. 43. Үш жүзге кірмейтін ру. 44. Аяқтың бөлігі. 46. Испандық Ресей генералы. 48. Құста, ұшақта болады. 50. Жолға шығу, алысқа жүру. 51. Айтуға болмайтын сөз. 52. Ыдыс әрі оныңшы ай. 53. Қазақстан халқының бірі. 55. Жүп тыныс белгісі. 57. Ынты-жігер (син). 59. Жезқазған дүкені. 62. Ханның патшаның үйі. 63. Күзде жиналған бидай. 64. Көздің үстіңгі бөлігі. 65. Сталиннің есімі. 66. Ас бөлме құралы. 68. Партияның ақшасы. 70. Дене бөлігі. 72. Мультикейіпкер. 73. Бақша өнімі. 74. Түбгіті ешкі. 75. Молданың бас киімі. 6. Оттың бөлігі. 77. Тарихи қала. 78. Бен Ладен есімі.

ДҮЙСЕНБІ 4 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Ұлы дала дүбірі». Д/ф. 6:25 «Másele». 7:00 «Talışolpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Дениз». Т/х. 11:05 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 12:00 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Арта». 16:10 «Шабдалы 18». Т/х. 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Дениз». Т/х. 19:00 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq aлаh». 21:30 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 22:30 «Жат мекен». Т/х. 23:30 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:35 Aqparat. 1:10 «Ashyq aлаh». 2:00 «Ұлы дала дүбірі». Д/ф.

ХАБАР

5:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом

СЕЙСЕНБІ 5 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Дала өркенітігі». Д/ф. 6:25 Aqparat. 7:00 «Talışolpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Дениз». Т/х. 11:05 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 12:00 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Біздің полиция». 15:35 «Ауылдастар». 16:10 «Шабдалы 18». Т/х. 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq aлаh». 21:30 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 22:30 «Жат мекен». Т/х. 23:30 «1001 түн». 0:35 «Көңіл толқыны». 0:50 Футбол. УЕФА Чемпиондар лигасы. «Бенфика» (Португалия) – «Ливерпуль» (Англия).

ХАБАР

5:00 Discovery: Сквозь червоточину с Моргана

СӘРСЕНБІ 6 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Дала өркенітігі». Д/ф. 6:25 Aqparat. 7:00 «Talışolpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 12:00 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Жер төресі». Д/ф. 15:35 «Ауылдастар». 16:10 «Шабдалы 18». Т/х. 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq aлаh». 21:30 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 22:30 «Жат мекен». Т/х. 23:30 «1001 түн». 0:35 «Көңіл толқыны». 0:50 Футбол. УЕФА Чемпиондар лигасы. «Вильярреал» (Испания) – «Бавария» (Германия).

ХАБАР

5:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом

БЕЙСЕНБІ 7 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Дала өркенітігі». Д/ф. 6:25 Aqparat. 7:00 «Talışolpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 12:00 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Беймәлім дерек». Д/ф. 15:35 «Ауылдастар». 16:10 «Шабдалы 18». Т/х. 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq aлаh». 21:30 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 22:30 «Жат мекен». Т/х. 23:30 «1001 түн». 0:35 «Көңіл толқыны». 0:50 Футбол. УЕФА Еуропа лигасы. «Айнтрахт» (Германия) – «Барселона» (Испания).

ХАБАР

5:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом

ЖҰМА 8 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Дала өркенітігі». Д/ф. 6:25 Aqparat. 7:00 «Talışolpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 12:00 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Шаньарк». 15:35 «Ауылдастар». 16:10 «Шабдалы 18». Т/х. 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Желді желі». 21:30 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 22:30 «Жат мекен». Т/х. 23:30 «Әндер мен жылдар». 0:00 «Parasat maidany». 0:30 Aqparat. 1:05 «Теледәрігер». 1:55 «Ауылдастар».

ХАБАР

5:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом
Фрименом. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит.

СЕНБІ 9 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Дала өркенітігі». Д/ф. 6:30 Aqparat. 7:05 «Күй-керуен». 7:40 «Дәуір даналары». Д/ф. 8:40 «Әйел әлемі». 9:15 «Зинһар. 10:00 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 13:50 «Шанһар» әзіл-сықақ кеші. 15:50 «Дала дауысы». К/ф. 17:35 Д/ф. 18:00 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 20:00 Тикелей трансляция. 23:00 «Жат мекен». Т/х. 0:00 «Көңілшар». 0:50 «Зинһар». 1:30 «Әйел әлемі». 2:05 «Ауылдастар».

ХАБАР

5:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом
Фрименом. 7:30 Т/с. «Жібек». 8:45 «Өзін-өзі та-

ЖЕКЕСЕНБІ 10 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Дала өркенітігі». Д/ф. 6:35 «Күміс көмей». 7:25 «Талруу». 8:00 «Ақсауыт». 8:25 «Сағындырған әндер-ай». 10:00 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 12:00 Кәсіптік бокс. 13:15Патшанын сахаты». М/ф. 14:25 «Қошқар мен Серке». М/ф. 15:00 Нұрболат Абдуллиннің концерті. 16:50 «Күй-керуен». 17:25 «Әйел әлемі». 18:00 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 20:00 «Арта». 20:50 «Жүзден жүйрігі». 22:30 «Жат мекен». Т/х. 23:30 «Көңілшар». 0:30 «Арта». 1:20 «Күміс көмей». 2:10 «Ақсауыт».

ХАБАР

5:00 Discovery: Сквозь червоточину с Моргана

Фрименом. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. 12:00 Т/х. «Бәсеке 2». 13:00 Т/х. «Бөлелер». 15:00 «Бүгін». 16:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Ерекше бақылауда». 20:45 «Басқа тақырып». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 Т/х. «Бекзат». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Менің тағдырым».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Астана кеші көңілді». 14:30 «Шыңғысхан» т/х. 15:30 «Келіндер» т/х. 17:00 «100% махаббат» т/х. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарында-

ном Фрименом. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. 12:00 Т/х. «Бәсеке 2». 13:00 Т/х. «Бөлелер». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «На особом контроле». 20:45 «Другие новости». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 Т/х. «Бекзат». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Менің тағдырым».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Шыңғысхан» т/х. 15:30 «Келіндер» т/х. 17:00 «100% махаббат» т/х. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауау-

Фрименом. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. 12:00 Т/х. «Бәсеке 2». 13:00 Т/х. «Бөлелер». 15:00 «Бүгін». 16:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 Т/х. «Бекзат». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Менің тағдырым».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Шыңғысхан» т/х. 15:30 «Келіндер» т/х. 17:00 «100% махаббат» т/х. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауау-
ры». 01:15 «Сулеймен Султан». 03:10 «Ұлым». 03:50 «Шыңғысхан» т/х. 04:35 «Astana times».

Фрименом. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. 12:00 Т/х. «Бәсеке 2». 13:00 Т/х. «Бөлелер». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 Т/х. «Бекзат». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Менің тағдырым».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Шыңғысхан» т/х. 15:30 «Келіндер» т/х. 17:00 «100% махаббат» т/х. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауау-
хан» т/х. 04:35 «Astana times». 05:30 «Келіндер» т/х.

12:00 Т/х. «Бәсеке 2». 13:00 Т/х. «Бөлелер». 15:00 «Бүгін». 16:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 Т/х. «Бекзат». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Менің тағдырым».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Шыңғысхан» т/х. 15:30 «Жаидатман». 17:00 «100% махаббат» т/х. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауау-
хан» т/х. 04:35 «Astana times». 05:30 «Келіндер» т/х.

нұ». 9:00 «XXI ғасыр көпбасысы». 10:00 «Tangy fresh». 10:30 Әсем әуен. 11:00 Кино. 12:30 Т/х марафоны. «Тракторшының махаббаты». 16:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 18:00 Хит жазамыз. 19:15 «Маска» 2-маусым. 21:00 «7 күн». 22:00 «Отдел журналистских расследований. Близке к делу». 23:30 Концерт.

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Шыңғысхан» т/х. 17:00 «100% махаббат» т/х. 20:00 «Астана кеші көңілді». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Ва-банк» х/ф. 01:40 «Сулеймен Султан». 03:25 «Ұлым». 04:10 «Астана кеші көңілді». 04:55 «Үздік әзілдер».

ном Фрименом. 7:30 Т/с. 8:45 «Самопознание». 9:00 Концерт. 11:00 Кино. 12:30 Т/х марафоны. «Тракторшының махаббаты». 14:00 «Маска» 2-маусым. 16:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 18:00 Мегахит. 20:00 Хит жазамыз. 21:00 «7 күн». 22:00 «Большая неделя». 23:30 Концерт.

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Әйгерім» х/ф. 14:50 «Алдараспан». 18:00 «SagarTimes» апталық-сарантамалық бағдарламасы. 18:50 «Ва-банк» х/ф. 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Жаралы сезім» Х/ф. 02:40 «Сулеймен Султан».

сым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауау-
ры». 01:15 «Сулеймен Султан». 03:10 «Ұлым». 03:50 «Шыңғысхан» т/х. 04:35 «Astana times». 05:30 «Келіндер» т/х.

КТК

07:05 «Дау-дамайсыз». 07:30 «Аманат», өзбек т/х. 09:50 «Қарапайым-ханшайым», реалити-шоу. 10:50 «Астарлы ақиқат». 11:50 «Полицейский роман». 13:40 «Отречение». 18:30 «Тоғжан», т/х. 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы». 21:00 Вечерние новости. 21:40 «В плену у прошлого». 23:35 «Волк». 02:50 «Отречение». 02:50 «Аманат», өзбек т/х. 03:50-04:20 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidatman. 08:00 «Серт пен сезім». 09:00 «Женский доктор». 10:00

пен сезім». 15:20 «Көзайым». 16:20 «Гадалка». 17:30 «Женский доктор». 18:30 «Aibat». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Незакрытая мишень». 21:30 «Әке 2». 22:30 «Қадам». 23:10 «Бастық боламын». 00:10 «Гадалка». 00:50 «Aibat». 01:25 «Студия 7». 01:50 «Оян, Qazaqstan» Music. 02:30 «Тамаша 7 км». 03:30 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 05:00 «Қуырдақ».

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Аманат», өзбек т/х. 09:50 «Қарапайым-ханшайым», реалити-шоу. 10:50 «Ozat отбасы». 11:50 Новости. 12:30 «В плену у прошлого». 14:20 «Волк». 16:30 «Отречение». 18:30 «Тоғжан», т/х. 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы». 21:00 Вечерние новости. 21:40 «В плену у прошлого». 23:35 «Волк». 01:20 «Отречение». 02:50 «Аманат», өзбек т/х. 03:50-04:20 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidatman. 08:00 «Серт пен сезім». 09:00 «Женский доктор». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Незакрытая мишень». 12:30 «Q-eli». 13:20 «Бастық боламын». 14:20 «Серт

05:30 «Келіндер» т/х.

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Аманат», өзбек т/х. 09:50 «Қарапайым-ханшайым», реалити-шоу. 10:50 «Ozat отбасы». 11:50 Новости. 12:30 «В плену у прошлого». 14:20 «Волк». 16:30 «Отречение». 17:20 «Одиночка», остросюжетный детектив. 18:30 «Тоғжан», т/х. 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы». 21:00 Вечерние новости. 21:40 «В плену у прошлого». 23:35 «Волк». 01:20 «Отречение». 02:50 «Аманат», өзбек т/х. 03:50-04:20 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidatman. 08:00 «Серт пен сезім». 09:00 «Женский доктор». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Незакрытая мишень». 12:30 «Q-eli». 13:20 «Бастық боламын». 14:20 «Серт пен сезім». 15:20 «Көзайым». 16:20 «Гадалка».

05:30 «Келіндер» т/х.

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Аманат», өзбек т/х. 09:50 «Қарапайым-ханшайым», реалити-шоу. 10:50 «Ozat отбасы». 11:50 Новости. 12:30 «В плену у прошлого». 14:20 «Волк». 16:30 «Одиночка». 18:30 «Тоғжан», т/х. 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы». 21:00 Вечерние новости. 21:40 «В плену у прошлого». 23:35 «Волк». 01:20 «Отречение». 02:50 «Аманат», өзбек т/х. 03:50-04:20 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidatman. 08:00 «Серт пен сезім». 09:00 «Женский доктор». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Незакрытая мишень». 12:30 «Q-eli». 13:20 «Бастық боламын». 14:20 «Серт пен сезім». 15:20 «Көзайым». 16:20 «Гадалка».

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Аманат», өзбек т/х. 09:50 «Қарапайым-ханшайым», реалити-шоу. 10:50 «Ozat отбасы». 11:50 Новости. 12:30 «В плену у прошлого». 14:20 «Волк». 16:30 «Одиночка». 18:30 «Тоғжан», т/х. 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Дау-дамайсыз». 20:35 «КТКweb». 21:00 Вечерние новости. 21:40 Спецрепортаж. 22:00 «Алмазный эндшпиль». 01:10 «Одиночка». 02:40 «Аманат», өзбек т/х. 03:40 «КТКweb». 04:00-04:30 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidatman. 08:00 «Серт пен сезім». 09:00 «Женский доктор». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Незакрытая мишень». 12:30 «Q-eli». 13:20 «Бастық боламын». 14:20 «Серт пен сезім». 15:20 «Көзайым». 16:20 «Гадалка».

07:05 «еркіндік құны», т/х. 07:30 «Көңілді отбасы». 08:50 «КТКweb». 09:20 Новости. 10:00 «Смелтые разрешается!». 12:00 «Алмазный эндшпиль». 15:40 «Өкініш», к/ф. 17:00 «Алдараспан». 20:00 «Ақ мама», реалити-шоу. 21:00 «Большие новости». 22:00 «Второе дыхание». 01:30 «Одиночка». 02:15 «Өкініш», к/ф. 03:20 «Көңілді отбасы». 04:00-04:30 «Мерекелік концерт».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Гу-гулет». 07:00 «Япырай». 07:30 «Қутты конақ». 08:00 Jaidatman. 09:00 Х/ф «Игра Эндера». 11:00 «Дети ветра». 15:00 Концерт. 17:30 «Зың-зың Күлпәш». 19:30 «Әке 2». 21:00 Шоу «Маска». 00:00 Х/ф «От-

04:10 «Ұлым». 05:00 «Үздік әзілдер».

КТК

07:05 «Мерекелік концерт». 07:30 «Эн мен әнші». 09:30 «Юморина». 11:40 «Второе дыхание». 15:30 «Бірбеткей ғашықтар», к/ф. 17:00 «Эн мен әнші». 20:00 «Ақ мама», реалити-шоу. 21:00 «Портрет недели». 22:00 «Сумасшедшая любовь». 23:50 «Одиночка». 01:30 «Бірбеткей ғашықтар», к/ф. 02:40 «Эн мен әнші». 04:00-04:30 «Мерекелік концерт».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Гу-гулет». 07:00 «Япырай». 07:30 «Қутты конақ». 08:00 Jaidatman. 10:00 «Орел и решка». 12:00 Шоу «Маска».

«Гадалка». 10:30 «Незакрытая мишень». 12:30 «Q-eli». 13:20 «Бастық боламын». 14:20 «Серт пен сезім». 15:20 «Көзайым». 16:20 «Гадалка». 17:30 «Женский доктор». 18:30 «Aibat». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Незакрытая мишень». 21:30 «Әке 2». 22:30 «Қадам». 23:10 «Бастық боламын». 00:10 «Гадалка». 00:50 «Aibat». 01:25 «Студия 7». 01:50 «Оян, Qazaqstan» Music. 02:30 «Тамаша 7 км». 03:30 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 05:00 «Қуырдақ».

ДИДАР

08:00 Таңғы жаттығу. 0

Жебесін бұлтқа жеткізген

МЕЙРІМХАНҒА ЕЛ ДӘН РИЗА



Жүзген аң мен ұшқан құс қашып құтыла алмайтын мергендер қазақ даласында қашаннан-ақ аз болмаған. «Құралайды көзге атқан» деген тіркестің қалуы да осыдан болса керек-ті. Замандар легімен қолданыстан шығып, тек спорт түріне айналған садақ ату спорты қазіргі таңда Қазақстанның біраз жерінде қолға алынбаған. Көбіне Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Орал қалалары мен Павлодар, Түркістан, Талдықорған облыстары аумағында енді-енді дамып келе жатқан аталған спорт түріне қызығушылық танытушы жастар мысты шаһарда да баршылық. Қазіргі уақытта оларға банкерлік етіп жүрген жалғыз азамат – Мейрімхан ЕРАЛИЕВ.

Өзбекстанның Бұхара облысы, Газли қаласында дүниеге келген ағамыз ержете атамекеніне оралған. Содан 30 жылға жуық уақыт баспахана саласында еңбек еткен ол садақ ату спортына зейнетке шыққаннан кейін келген. 63 жасында қолына денешынықтыру мамандығы бойынша диплом алды.

2015 жылы бизнесті дамыту орталығы ұйымдастырған монокалаларды дамытуға арналған бизнес-жобалар байқауында грантты жеңіп алған Мейрімхан Сейілұлы аталған қаржыға 10 садақ сатып алады. «Көз – қорқақ, қол – батыр» деген мақалды ұраны етіп, осы іске бөлін буына кіріскен ол бүгінде 40-қа жуық жас садақшыларды тәрбиелеп отыр. Садақ атудан Қазақстан Республикасының бірнеше чемпионатына шәкірттерін апарып үлгерген Мейрімхан аға бұндай жарыстардың жасарға берері мол дейді. Садақ атуда мергендік, дәлдікпен қатар шыдамдылық және жауырын күшін дұрыс пайдалану маңызды екенін айтқан ол алдағы уақытта Жезқазғанның барлық ауыл-аймағындағы жастарды садақ ату спортына баулығысы келеді.

Жезқазған бойынша жас мергендер тәрбиелейтін жалғыз елдімекен – Сарыкентің ауылы. Ернар Смағұлов есімді ұстаздың арқасында ауыл жастары Қазақстан Республикасы чемпионатына қатысу мүмкіндігіне ие болды.

– Біздің балалардың үйренері әлі де көп. Республикалық жарыс тәжірибе алмасуда өте маңызды. Аталған чемпионатқа көптеген арнайы спорт мектептерінің оқушылары келді. Өкініштісі бұл спортпен айналысушы қаракөздеріміз аз екен. Дегенмен ауылдан келсе де, менің шәкірттерім 5-6 жылдан бері садақ атумен айналысып жүрген өзге спортшылардан оқ бойы оза шапты. Аталған жарыста Алдияр Сәлім және Айша Ернарқызы атты шәкірттерім Қазақстан Республикасы садақ, арбалет және дартс федерациясының президенті Алмаз Мырзабековтің Мадақтама грамотасын иеленді. Біздің ауылдан келгенімізді естіген ол таңданысын жасырмады. Мен Алаша хан, Жошы хандар жатқан аймақтан келгенімізді айттым. Болашақта Жошы хан атындағы чемпионат өткізуді ұсындым. Өз ризашылығын білдірген ол, алдағы уақытта бұл мәселе бойынша ойланатынын жеткізді, – деген Ернар ұстаз ауыл оқушыларының республикалық жарысқа




қатысуына мүмкіндік тудырған Жезқазған қаласының әкімі мен спорт бөлімі басшылығына, қолдау білдірген замандастарына алғысын білдірді.

Чемпионатта өзге аймақ жастарының 1-1,5 млн сома көлеміндегі садақтарды қолданғанын, ал біздікілердің садағы арзандығына байланысты жастардың мүмкіндігін ашып көрсете алмағанын да тілге тиек еткен ол туған өлкенің спортына қолдау көрсетер демеушілерді іздейтінін де жасырмады.

Алғаш садақ ату федерациясына барып, мысты өлкеде осынау бабалардан қалған спорт түрін дамытқысы келетіндігін айтқанда, ондағы басшылар кекесін мінезбен сенбестік танытқан екен. Дегенмен өзінің осы спортқа білек сыбана кірісетіндігін айтқан Мейрімхан ағамызды шәкірттерімен көргенде, оның қайтпас қайсарлығына ризашылықтарын білдірді. «Суға кетіп бара жатқан адамды кім құтқарса да бөрібір. Құтқарса болды» деген Мейрімхан аға жаңа облыс орталығында қандай спорт түрі болмасын жүйелі дами берсе екен деген тілегін білдірді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН



ШОҚАН ҚАЖЫНЫҢ МҰРАСЫ

Жезқазған-Ұлытау аймағына танымал еңбек ардагері, марқұм Шоқан қажы Оспанбеков қолы қалт еткенде қаламына тыным бермейтін ізденімпаз, еңбекқор жас еді. Өзінің, отбасының өмірі арқылы өмір сүрген кезеңін жастарға, келер ұрпаққа оңесе етіп қалдырған кітабы көзінің тірісінде жарық көрген болатын.

Енді міне, отағасының әр сөзін өсиет тұтып, қадірлей қараған зайыбы Құлпан қажы Шөкеннің кезекті кітабын «Асар» баспасынан шығарып отыр. Негізінен Шоқан ағамыздың өлендерінен тұратын

«Арафат, Ұлытау – киелі мекендер» атты жаңа кітаптың оқырман сұранысына ие бола беруіне тілектеспіз.

Өз тілшіміз

БАСПАСӨЗ- 2022



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Аймақтық «SARYARQA» газетіне жазылу жыл бойына жүргізілетінін Сіздердің қаперлеріңізге саламыз.

Жазылуды оңтайландыру үшін көрсетілген байланыс нөмірі арқылы (87778902258, Жаннұр Т.) «Каспи голд» картасына жазылу құнын аударып, мекенжайыңызды жазып жіберсеңіз алдағы аптадан бастап газетті алатын боласыз.

Құрметпен, аймақтық «SARYARQA» газетінің редакциясы

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Біз үшін елдің мүддесі, оқырманның тілегі басты орында. Осы мақсатта «Оқырман отауы» айдарын қайта жаңғырттық. Осыған байланысты қала, ауданның тыныс-тірлігіне байланысты талап-тілегіңіз туындаса, ұсыныс-пікіріңіз болса, тайсалмай айтыңыз, ірікпей жазыңыз! Ол үшін Whatsapp әлеуметтік желісінде арнайы нөмір қосып отырыңыз. Бұқараның базынасына үн қатпағандарға әзірміз.

Байланыс нөміріміз 8(701)-118-88-08.

Қадірлі оқырман!

Аймағымыздың уақыт талабына сай алға басуы үшін әрқайсысымыз ат салысып, қалауымызды айтып, талабымызды қояйық. Шешілуіне де бірлесе жұмылайық.

Құрметпен, аймақтық «SARYARQA» газеті!

1 сәуір – күлкі күні

Бір күні бір жігіт түс көріпті. Түсінде әкім болып жатыр екен. Түсін бір молдаға жорығыпты. Молда «2-3 айда әкім болатын шығарсың» депті. 2-3 айдан соң жаңағы жігіт әкім болыпты. Тағы бір күні ұйықтап жатса президент болып жатыр екен. Тағы әлгі молдаға барып:

– Түсімде президент болып жағыр екем, бұны қалай жорисыз? – десе, молда:

– Түсті де адам шамасына қарап көру керек қой, – депті.

Кеше түнде мені екі сотқар ұстап алып, қолсағымды, әмиянымды, неке жүзігімді сыпырып әкетті.

– Сен түнде алтыатарсыз жүрмеуші едің ғой?

– Абырой болғанда олар шалбарымның артқы қалтасын қарамады!

Пойызда. Жолаушы:

– Әй, жолсерік, мені Қарағайлыда оят дегенім қайда?!

Жолсерік:

– Ойбууу! Өрең оятып, көтеріп түсіріп жібергенім жаныңыздағы жолдасыңыз болды-ау, ә?!

Жанындағы орындықта сағыз шайнап

отырған жігітке қарағыштаған кемпір бір кезде жылы жымып, ұмтылыққырап сөйлеп:

– Жақсы тәрбие көрген кішіпейіл, ақжарқын адам екеніңізді аңғардым, бірақ, не айтқаныңызды білмеймін, екі құлағым да естімеуші еді, – депті.

Сот:

– Сен осы өмірінде өз еңбегіңмен тым құрыса бір жүз теңге тауып көрдің бе?

Айыпталушы:

– Көрдім. Былтырғы сайлауда сізге дауыс бергенімізде сізден бәріміз бес жүз теңгеден алдық қой?!

Жындыханада бір жынды суға түсіп тұншығып өлейін деп жатса, бір жынды оны құтқарып қалыпты. Дәрігер:

– Жарайсың! Сені ертең бұл жерден шығарамын, сен жазылдың. Бірақ, сен құтқарған адам асылып өліп қалыпты, – десе, жынды таңғалып қарап тұрып:

– Мен оны кепсін деп іліп қойғанмын, – депті.

– Өуре болмасаныңшы, шығарып салмай-ақ қойыңыз.

– О не дегеніңіз! Қонақ шығарып салғанда, мен сондай бір рахаттанып қаламын!

– Ескі пальтомның түймелері үзіліп бітті. Киюге ұят өзі!

– Ештеңе жоқ, ертең сатып әперем.

– Пальто ма?

– Жоқ, түйме әперем.

– Қазір сіз қай газетті ең жақсы деп айтар едіңіз?

– Әрине, біздің аймақтағы ана бір газет. Ет жеген кезде қолыңды сұртсаң, майын жақсы алады. Басқа газетпен қол сұртсаң, қолыңа қара сиясы жұғады. Қол сұртпағанда газет таптырмайды ғой, таптырмайды.

Бірде қазақ жігіті Францияға бармақшы болады. Бірақ ол француз тілін білмейді екен. Содан досына келіп ақыл сұрайды. Сонда досы:

– Оның несі қиын, сөздің басына «ф» әрпін қойып сөйлей бер! – дейді.

Бірақ айдан соң әлгі жігіт Франция ұшағынан түсіп жатыр дейді. Содан Париждің көшелерінде ал келіп адасады. Амаз жоқ, алғаш кезіккен жігіттен қинала-қинала жөн сұрауына тура келеді:

– Фауырым, фұл фай фөше? – деген екен абырап. Сөйтсе, әлгі жігіт:

– Фратан, фөзім де филмеймін.

Whatsapp 8(701)-118-88-08